

**АЗАМАТТЫҚ ФОРУМДАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА**

Астана, 2023

Резюме.

ҮЕҰ қызметін мемлекеттік реттеудің мақсаты азаматтық қоғам институттарының қызметін реттеудің оңтайлы жүйесін құру болып табылады. Осы орайда олардың орнықты дамуына қол жеткізіліп, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламалары мен стратегияларын тиімді іске асыру мүддесінде халықтың қоғамдық белсенділігі өседі.

Төмендегі міндеттерді іске асыру арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізуге болады:

1. Азаматтық қоғамның қазіргі заманғы сұрау салуларына әбден сәйкес келетін азаматтық қоғам институттарының қызметін құқықтық реттеу жүйесін құру.

2. Қоғамдық сектор және билік құрылымдары мен бизнестің арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыру.

3. Азаматтық қоғам институттарының қызметіне қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету жүйесін жетілдіру.

4. Азаматтық қоғам институттары қызметінің институционалдық инфрақұрылымын құру.

Ең бастысы, бұл міндеттердің барлығы үкіметтік емес секторға қатысты.

Ең алдымен азаматтық қоғамның белсенді бөлігі болып табылатын үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) қоса алғанда, қабылданып жатқан реформалар мен стратегияларды жүзеге асыруға қазақстан қоғамын тарту Қазақстан Тәуелсіздігінің барлық жылдарында әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың арқауы болып келді.

Дәл осы үкіметтік емес сектор «билік-қоғам» диалогы шегінде негізгі әріптес әрі оппонент ретінде қалыптасты, ал Азаматтық форумға келсек, ол екі жылда бір мәрте өткізілетін негізгі диалог алаңына айналды.

Өткен азаматтық форумдардың қорытындылары бойынша әзірленген ұсынымдар мен ұсыныстардың іске асырылуын талдау барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық сектордың осы ұсынымдарды орындауы қорытындыларына қоғамдық баға беру мәселелеріне арналған.

Қазақстанның Азаматтық Альянсы осы Талдаманы «Өзекті саясат институты» қоғамдық қорымен әріптесіп әзірледі.

Осы талдамалық құжатта 2016-2021 жылдардың кезеңінде өткен 4 форумның материалдары талданды. Дәл сол жылдары қоғам мүддесіне сай жаңа стратегиялық құжаттарды қабылдауға дайындық жүргізіліп, азаматтық қоғам институттары қызметінің құқықтық негіздері айтарлықтай өзгере бастады.

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде әлеуметтік процестерге ықпал ететін жаһандық экономикалық және саяси дағдарыстар болғаны да рас. Мұндай жағдай азаматтық форумдарда қабылданған ұсынымдардың сапасы мен ерекшеліктеріне де әсер етті.

Осы талдамалық материалды әзірлеген кезде мемлекеттік органдардың ресми деректері, ресми құжаттар, сондай-ақ талдамалық және сараптамалық материалдар қолданылды.

Мазмұн

Резюме	2
I. Қазақстандағы азаматтық қоғам дамуының жалпы сипаттамасы	5
II. Өткен азаматтық форумдардың қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдардың сипаттамасы	8
2.1. VII-іншіден VIII-ініші Азаматтық форумға көшу – рәсімдерді жетілдіру	9
2.2. 2018-2020 жылдар кезеңі: VIII форум қорытындылары бойынша азаматтық сектордағы жаңа ұстанымдарды имплементациялау	13
2.3. ҰЕҰ-ды дағдарысқа қарсы әрекетке тарту (IX форум)	18
2.4. Азаматтық қоғамды дамытудың 2030 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы шегіндегі ұстанымдарды енгізу	23
2.5. ҰЕҰ мен мемлекет арасындағы диалогты дамытудың жаңа кезеңі – халықаралық күн тәртібі және ОДО (X- форум)	29
III. Өткен азаматтық форумдарда қабылданған ұсынымдардың іске асырылу деңгейін бағалау	39

I. Қазақстандағы азаматтық қоғам дамуының жалпы сипаттамасы

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан азаматтық сектор қалыптасуының қарқынды кезеңінен аман өтті. Еліміз посткеңестік транзит шегіндегі эволюциядан сәтті өткенін түсіну керек. Сарапшылар елдегі азаматтық қоғам қалыптасуының үш негізгі кезеңін атап өтеді.

Бірінші кезең – 1991-1995 жылдар. Ол мемлекеттік биліктің әлсіздігі және мемлекеттік басқару жүйесіндегі белгісіздік жағдайында азаматтық қоғамның жоғары белсенділігіне негізделген хаотикалық демократия кезеңі ретінде сипатталады.

Осы кезеңде көптеген жеке меншікті үкіметтік емес және азаматтық бастамалар пайда болды. Жеке меншікті теледидар белсенді дамыды. Тәуелсіз демек азаматтық қоғам рухына сәйкес қызмет ететін, белгілі бір қаржылық-өндірістік топтарға бағытталмаған журналистика болды. Бұл драмалық және сонымен қатар күрделі қалыптасу кезеңі болып, оның шегінде шын мәнінде азаматтық сектордың өзіндік бірегейлігі анықталды.

Екінші кезең – 1995-2005 жылдар аралығы. Бұл кезең мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы рөлдердің айтарлықтай өзгеруіне байланысты болды. Түрлі этникалық, геосаяси, әлеуметтік-саяси және экономикалық қатерлерді ескере отырып, жаңа тепе-теңдіктерді табу жөнінде күрделі ізденіс орын алды. 1998 жылғы азиялық қаржылық-экономикалық дағдарыс посткеңестік елдердің, ең алдымен Ресейдің экономикасына қатты ауыртпалық туғызды. Ресей неолибералдық нарықтық реформаларды ілгерілетуден посткеңестік кеңістіктегі көшбасшылардың бірі болып саналды. Сондықтан да, бұрынғы Кеңес Одағының елдері әдеттегідей осы жолмен дамуға ұмтылды.

Қолайлы мұнай конъюнктурасы экономикалық өсімге ықпал етіп, бұл саяси режимдерді нығайтты. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-та орын алған терроршылдық оқиғалар мемлекеттерді қауіпсіздік жүйесін нығайтуға бағыттап, азаматтық сектор периферияғы ысырылды. Осы фарватерде дамыған Қазақстанда саяси бақылау үдемелі нығайды.

Қазақстандағы бұл кезең «технократиялық авторитаризм» ретінде сипатталады. Ол қоғамдық санада легитимацияға және азаматтық секторды қолдауға бағыт алудың айқын белгілерін көрсетті.

Екінші жағынан, посткеңестік кеңістіктегі «барқыт» революциялардың тізбегі Қазақстан мен басқа елдердің қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесіне елеулі алаңдаушылығын тудырды.

Мемлекеттік тұрақсыздық және режим ауыстыру жобаларын іске асыру мақсатында кей жағдайда саяси технологиялар аппараты қолданылып азаматтық сектор пайдаланылуы мүмкін екендігі айтылды.

Үшінші кезең – 2005-2022 жылдар аралығы. Бұл кезеңде мажоритарлықтан, алдымен аралас, кейін Парламент сайлауының толық пропорционалды жүйесіне көшуді қоса алғанда саяси режимдерді әртүрлі модификациялау талпыныстары орын алды. 2008-2009 жылдары болған халықаралық қаржы-экономикалық дағдарысы режимдерге айтарлықтай соққы беріп, кейіннен ұлттық валютаның елеулі девальвациясына әкелді. Посткеңестік кеңістікте статус-квоны қайта қарау және жаңа тепе-теңдікті қалыптастыру талпынысына байланысты күрделі геосаяси үдерістер орын ала бастады. Ресей осы алаңдағы негізгі ойыншы ретінде посткеңестік елдермен одақтастық қатынастарының белгілі бір элементін қалпына келтіруді мақсат тұтатын экстенсивті саясат жүргізді. Украина 2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімге қосылмады. Ресей мен Украина арасында әскери қақтығыс басталып, ол 2022-2023 жылдары ақыры кең ауқымды соғысқа айналды.

Қазақстанды қоса алғанда Орталық Азия режимдері саясаттарын заңдастыру үшін сақтануға және көбірек сенім білдіретін азаматтық алаң қалыптастыруға мәжбүр болды. Осы кезден бастап үкіметті жақтайтын ҰЕҰ немесе GONGO деп аталатын ұйымдар белсенді түрде жұмыс істей бастады. Қазақстанда «технократиялық авторитаризм» деп аталатын технологиялардың кеңінен дамығанын ескере отырып, билікке, бір жағынан, өзін заңдастыруға қажет болды. Екінші жағынан, билік «кері байланыс» мәселесіне шынымен тап болды. Кері байланыс белгілері билікке әзер жетіп тұрды, сондықтан олар белгілердің мәжбүрлеп жеткізілуін немесе элита өкілдерінен сахна сыртындағы саясатта пайдалануын талап етті. Бұл кеңінен тарады.

2019 жылы осындай биліктің басқарылымды ауысу талпынысы болды, өйткені кез келген авторитарлық режимнің билігі экономикалық немесе хронологиялық тұрғыдан шектеулі. Олар өз қауіпсіздігінің кепілдіктерін сақтай отырып қана, билікті ауыстыру шараларын қабылдай алады.

Қазақстанда биліктің мұрагерлік тетігі 2001 жылғы «Тұңғыш Президент туралы» заңынан бастап қалыптасты. Онда әртүрлі, атап айтқанда қытайлық және ирандық ұстанымдар мен үлгілер ескерілді, бірақ жағдай сәл басқаша дамыды.

2022 жылы «қаңтар оқиғасы» орын алып, ол азаматтық қоғамда болған өзгерістерді көрсетті. Алайда азаматтық сектордың ниеттері мен ұмтылыстарын еліміз үшін өте қолайсыз бағытқа қарай бұруға болатыны белгілі болды. Мемлекеттік ту көтеріп, патриоттық наразылық толқынынан басталған, Қазақстанның бірқатар қалаларында, әсіресе, Алматыда жаппай тәртіпсіздікке ұласқан сол қаңтар оқиғасының шлейфін еңсеруді Қазақстанның саяси билігі бүгінгі таңда жалғастыруда. Қазақстанның үкіметтік емес секторының бір бөлігі құқық қорғау органдарының әлсіздігін немесе коммуникативтік дағдыларының жетіспеушілігін пайдаланып, қаңтар оқиғасы шегінде болған фактілердің бәріне алдын ала қателесіп қарайды. Олар 2022 жылдың қасіретті қаңтарында болған оқиғаға өз бағасын беруге тырысып, ең маңызды қыры – қазақ қоғамының тұрақтылыққа зәру екенін елемей қалады.

2022 жылғы қаңтар оқиғасы қазақстандықтардың басым бөлігінің ортасында қорқыныш тудырды. Ол мұндай оқиғалардың қайталану мүмкіндігіне де, Қазақстанда алдағы уақытта еңсерілуі қиынға соғатын этносаралық және конфессияаралық қақтығыстардың қайталанбас процесінің басталып кету қаупіне де байланысты болды.

Сондықтан да қазақстан қоғамын біріктіретін жаңа жобаларды іске қосу жаңа жағдайдағы режимнің негізгі мәселесіне айналды.

Ол қатарда мемлекеттік егемендігінің идеологиясы ретіндегі ұлттық Құрылтай да бар.

Республика күні Қазақстанның егемендігі туралы декларацияның қол қойылған күні ретінде 25 қазанда тойланатын болды.

Тиісінше, азаматтық сектормен ынтымақтастық жаңа серпін алды.

Қазақстандағы және оның айналасындағы барлық өзгерістер мен оқиғаларға қарамастан, азаматтық сектордың даму процесі жылдан жылға жалғасып, сабақтастық элементінің байқалғанын атап өту керек. Бұған бірқатар факторлар, атап айтқанда Қазақстанда ҰЕҰ-мен диалогтың терең институционалдану үдерісі ықпал етті.

ҰЕҰ үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, гранттар мен сыйлықтарды қаржыландыру тетігі қалыптасты. Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың өзара іс-қимылының осы құралдарының

барлығы заңды түрде бекітіліп, зілзалалар мен саяси жүйедегі өзгерістерге қарамастан жұмысын жалғастырды.

Сонымен қатар, осы сабақтастықтың тетігі шегінде Қазақстан азаматтық секторының тұжырымдамалық дамуы жалғасын тапты. Айта кететін жайт, осы процес түсінудің мемлекетшіл парадигмасы шегінде ғана емес, ұлттық ерекшеліктен алшақтау, халықаралық қағидаттарға негізделген ҰЕҰ-дар яғни баламалы деңгейде дамыды.

Қазір біз азаматтық жаңаша ойлаудың сегменті қалыптасқан, мемлекетшіл және тәуелсіз ҰЕҰ конвергенциясының болып жатқанын көре аламыз. Ол қарапайым процес емес, өміріміздегі жаңа құбылыстардың бірі. 2023 жылғы 2-13 қазандағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ адам өлшемі жөніндегі Варшава конференциясы шегінде осы жетістіктердің кейбір элементтерін атап өтуге болады. Әдетте бұл платформа оппозициялық пікір білдіру мүмкіндігі ретінде саналады.

Біз мұны Орталық Азияның бірқатар елдерінің мысалынан жалпы байқай аламыз. Дегенмен, болып жатқан оқиғаларға әртүрлі пікір білдіруге келгенде Қазақстан еркіндікпен ерекшеленеді. Варшаваға режимді сынайтындар ғана емес, жағдайды объективті түрде бағалауға талпынатындар да келеді.

Яғни, азаматтық сананың өзі өзгеруде. Ол енді тек сын объектісін іздеуге бағытталмайды. Билік жауапкершілікте болғандықтан, соның салдарынан әрқашан сынға ұшырайды.

Азаматтық қоғам деген биліктің айтқанынан мүмкіндігінше өзгешелеу ұстаным. Енді бір мәселе, Қазақстанда азаматтық қоғам жаңа деңгейге көтерілуде. Ол қоғамды толғандыратын аса маңызды мәселелер бойынша билікке жақындауға ұмтылады.

II. Өткен азаматтық форумдардың қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдардың сипаттамасы

Бұл тарауда 2016 жылдан бастап азаматтық форумдардың ұсынымдарын іске асыру барысы қаралады. Осы кезеңде маңызды эволюция болды: ҰЕҰ-мен өзара іс-қимылды техникалық, регламентациялық сипатта көрген мемлекет қазіргі таңда ҰЕҰ мемлекеттік саясаттың жалпы контекстінде маңызды технологиялық құбылыс ретінде бағалай бастады.

Түсінуді қажет ететін тағы бір мәселе, мемлекет ҰЕҰ-ға олардың атқарған қызметіне белгілі бір қаражат берілетін «касса» ретінде әрекет етеді. Мәселе стратегиялық міндетте емес, мемлекеттің

бірқатар функциялары мен міндеттері үкіметтік емес секторға берілуі керек.

Басқару органдары өз деңгейіндегі жұмысын жеткіліксіз орындаған жағдайда ҰЕҰ көптеген мәселелер бойынша жауапкершілікті көтере алады және соған қабілеті жетеді.

1. VII-іншіден VIII-ініші Азаматтық форумға көшу – рәсімдерді жетілдіру

2016-2018 жылдар аралығында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, ҰЕҰ-ға арналған гранттық қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, жобалардың салалық бағытталуы тереңдетіліп келді. Сондай-ақ еліміздің экономикалық дамуына ҰЕҰ-дың қосқан үлесін зерттеу басталып, мемлекеттік функцияларды үкіметтік емес секторға беру мүмкіндігі қаралды.

- ҰЕҰ жобаларының салалық бағытталуы күшейтіліп, жергілікті деңгейде ҰЕҰ-дың міндеттерді орындауы тереңдетілді.

Мәселен, 2017 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың бюджеттік бағдарламаларына әкімдік етушілердің саны 58-ге, атап айтқанда облыстық деңгейде 102-ден 106-ға, қалалық және аудандық деңгейде 198-ден 252-ге дейін өсті.

Гранттардың салалық тақырыптарын қаржыландыру 2016 жылы болған 208 миллион теңгеден 2017 жылы 618,5 миллион теңгеге дейін немесе үш есе өсті. 2018 жылы осы қаржыландыру 965,4 млн теңгеге жетті.

Ең көп назар аударылған басым бағыттардың қатарына білім беру, тұрғындардың әлеуметтік осал топтарымен және кандастармен жұмыс атқару кірді.

Аса ойдағыдай дамыған бағыттардың қатарынан инклюзивті білім беруді атап өтуге болады. «Дара» қайырымдылық қоры «Әртүрлі – Теңдестер: Қазақстанда инклюзивті қоғам құру» жобасын жүзеге асырды. Еліміздің 12 өңірінде 15 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті құрылды. Бірқатар үкіметтік емес ұйымдар мектеп әкімшіліктерімен бірлесе отырып, аутизмі бар балаларды инклюзивті ортаға қосу бойынша эксперименталды алаңдар жасады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету нарығына тартылған ҰЕҰ саны 2009 жылы 4 ҰЕҰ болса, 2017 жылға қарай 120-ға жетті. ҰЕҰ арқылы көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді қаржыландыру

1,3 млрд теңгеге жетіп, 5 мыңға жуық адамды қамтыды. «Инватакси» қызметтерін дамытуға қаражат бөлініп тұрды.

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін ҰЕҰ-ға қолдау көрсету маңызды салаға айналды. Бұл жұмыс 2017 жылы 9 облысты қамтыды. ҰЕҰ ауылдық бастамасын дамыту үшін ресурстық орталықтарды құруды қоса алғанда 13-ке жуық жоба жүзеге асырылды. 34 семинар өткізіліп, 50 қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды.

«КАМЕДА» қоғамдық қорын гранттық қаржыландыру бойынша «Жергілікті өзін-өзі басқаруды және жергілікті азаматтық қоғам институттарын дамыту арқылы шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігін кеңейту» жобасы жүзеге асырылды.

Гранттық қаржыландырудың, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың берілуіндегі ұстанымдарды әдістемелік жетілдіруге айтарлықтай көңіл бөлінді.

2017 жылғы тамызда "Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Гранттық қаржыландыру саласындағы оператор – Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы арқылы Жергілікті атқарушы органдарды грант беру мүмкіндігімен қамтамасыз ету туралы норма көзделген болатын. Конкурстық комиссияны қалыптастыру тетіктері жетілдіріліп, гранттық қаржыландыруға үміткер ізденуші ұсынатын құжаттардың тізімі оңтайландырылды.

Гранттық қаржыландырудың және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тақырыптарын дәлірек әрі нақты анықтау үшін халықтың мұқтаждықтарын бағалаудың жаңартылған әдістемесі әзірленді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың стандарттары әзірленіп, онда ҰЕҰ қызметтерінің сапасына, шарттарына, мазмұнына, сондай-ақ сапасын бағалау критерийлеріне қойылатын жалпы талаптар белгіленді.

Атап айтқанда, критерийлер ресурстық орталықтардың жұмысын ұйымдастыру және оқыту, кеңес беру және зерттеу қызметтерін көрсету стандарттарына әсер етті.

Қазақстан үкіметтік емес секторын және оның экономикалық дамуға қосқан үлесін сапалы бағалау бойынша терең жұмыс басталды.

«Транспаренси Қазақстан» қоғамдық қоры халықаралық тәжірибе мен шетелдік әдістерге сүйене отырып, «Халықаралық тәжірибе негізінде азаматтық қоғамның даму индексі» өңірлер бойынша өлшеу

әдістемесін әзірлеу арқылы азаматтық сектордың рөлін күшейту» грантын жүзеге асырды. Келесі критерийлер көзделген болатын:

- ✓ *азаматтық құзыреттіліктердің деңгейі;*
- ✓ *азаматтық қоғам ұйымдарының тұрақтылығы;*
- ✓ *ұйымның ашықтығы мен есептілігі;*
- ✓ *қаржылық тұрақтылық.*

Сонымен қатар, үкіметтік емес сектордың экономиканың дамуына қосатын үлесін өлшеу бойынша әзірлемелер мен талқылаулар басталды. Фокус-топтар ұйымдастырылып, осы саладағы сарапшылар тартылды.

Үкіметтік емес сектордың нарықтық ауқымын жалпы ашатын көрсеткіштердің тізбесі қалыптастырылды (мысалы, ҰЕҰ көрсеткен қызметтердің көлемі, салықтар, тартылған қаржыландыру).

2016-2018 жылдар кезеңінде шиеленіскен діни экстремизм проблемасын ескере отырып, тәуекелді топтар арасындағы экстремизмнің алдын алу және деструктивті ағымдардың ықпалына түскен адамдарды оңалту тетіктерін қалыптастыру үшін ҰЕҰ әлеуетін пайдалануға зор көңіл бөлінді.

2017 жылы деструктивті діни ағымдардың әрекетінен зардап шеккен адамдарды оңалтуға, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған алты әлеуметтік жоба жүзеге асырылды. Радикалды идеология әрекетінен зардап шеккен азаматтарды бейімдеу және оңалту орталықтарының қызметі жеті өңірде ұйымдастырылды. «E-Islam» исламдық арнайы интернет порталының жұмысы жалғасын тапты.

Мемлекеттік қызметшілер үшін ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл тәжірибесі мен мәдениеті оқытылды. Жұмыстардың бұл қатары мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы әріптестікті одан әрі институционалдық нығайтуға байланысты. Мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ арасындағы тиімді өзара іс-қимыл бойынша бірқатар түбірлік семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Мемлекеттік функцияларды үкіметтік емес секторға мүмкіндігінше беруге байланысты мәселелерді қарау басталды.

Бұл жұмыс конкуренттік ортаға мемлекеттік функцияларды аудару жөніндегі үкіметтік комиссияның шегінде жүргізілді. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультативтік және әдістемелік қолдау көрсету» функциясын ҰЕҰ-ға тапсыру туралы ұсыныс алғашқы прецеденттердің бірі болды.

Сондай-ақ «Әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау, көші-қон мәселелері бойынша ұйымдарға, азаматтарға әдістемелік көмек көрсету» функциясы сынақтан өткізілді.

ҰЕҰ-дар БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Орнықты даму мақсаттарын имплементациялау жөніндегі мемлекеттің қызметін ақпараттық сүймелдеуге тартылды. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын нығайту және ашық үкіметтің тетіктерін одан әрі жетілдіру жөніндегі жобалар іске асырылды. Әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру шаралары қолға алына бастады.

«ASAR» үшжақты ынтымақтастық форумы бастама алды. «Атамекен» ҰКП-мен ынтымақтастық туралы келісім жасалды. ҰЕҰ идеялары мен әлеуметтік жобаларының жыл сайынғы жәрмеңкелерін өткізу тәжірибесі іске қосылды. Өңірлік деңгейде өтуі олардың артықшылығына айналып, жергілікті ҰЕҰ-ды сектордың жалпы мақсаттарына айтарлықтай тартуға мүмкіндік берді.

Маңызды бағыттардың қатарына волонтерліктің дамуы кірді. Климаттың күн тәртібін ілгерілетуді қоса алғанда, волонтерліктің алуан түрлерін ілгерілетудің бірқатар ынталандыру шаралары әзірленді. Қоғамдық кеңестер тетігі имплементацияланып, олардың қызметінің алғашқы нәтижелері жинақталды.

2017 жылы Қоғамдық кеңестердің Бірінші Мәжілісі өтіп, ол осы тетіктің жұмыс істеу тәжірибесін жүйелендірді. Кеңестердің саны 229-ға жетті. Олар қоғамдық бақылаудың маңызды құралына айналды. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру функциясын кеңестерге жүктеу мәселесі қаралған болатын.

Қоғамдық кеңестерге маңызды міндеттер жүктелді. Оларды жүзеге асыру үшін тәжірибе қалыптастырып, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет болды. Қоғамдық кеңестерге үш негізгі функция берілді: қоғамдық бақылау, нормативтік-құқықтық актілерді мониторингілеу және қоғамдық тыңдауларды өткізу.

Осылайша, осы кезеңде ҰЕҰ мен мемлекеттік органдар арасындағы қатынастарды дамыту бөлігінде қаржылық және әкімшілік рәсімдерді жетілдірілді. Сектораралық диалогтың институционалдық базасы кеңейді.

2. 2018-2020 жылдар кезеңі: VIII форум қорытындылары бойынша азаматтық сектордағы жаңа ұстанымдарды имплементациялау

Ынтымақтастық тетіктерінен ҰЕҰ секторының өзін дамытуға баса екпін ауыстыру қажеттілігі қалыптасты. Мемлекет пен ҰЕҰ ынтымақтастығын институционалдық түрде қалыптастыру, мемлекеттік қолдау тетіктерін дамыту маңызды болса да, үкіметтік емес секторға баса назар аудару қажеттілігі 2018 жылғы қарашада өткен **VIII Азаматтық форумның басты міндетіне** айналды.

Атап өтетін жайт, Азаматтық форум шегінде үкіметтік емес секторға қатысты жүйелі шаралар бастама алып, мемлекеттік органдар үшін ҰЕҰ арасынан стратегиялық әріптес анықтауға жол ашылды. Көптен бері шешімін таппай келген енді бір маңызды мәселе әрекет етпейтін ҰЕҰ-ды жою болды. Әрекет етпейтін ҰЕҰ банкрот деп танып жариялау мәселені шешу жолдарыны бірі болды. Нәтижесінде банкроттық рәсімін қозғамастан заңды тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді таратудың оңайлатылған тәртібінің нормалары қабылданды.

Енді бір жүйелі мәселе яғни **балалар үйлерін «Ана Үйі» қоғамдық қорына трансформациялау** Қазақстандағы жетімсіздікті әбден толық жоюға мүмкіндік берді. Бұл жекелеген өңірлердегі жетімсіздік мәселесін шешуге арналған бұрын іске қосылған пилоттық жобаны кеңейтудің бөлігіне айналды.

Тағы бір қызықтыратын жоба ол Астана қаласындағы «iKomek» орталығының үлгісі бойынша «109» мониторинг және әрекет ету қызметтерінің жұмыс тәжірибесін республиканың барлық өңірлеріне таратылуы. Бұл жүйе еліміздің облыстары мен қалаларының басым көпшілігіне пайдалануға енгізу үшін берілді.

Сонымен қатар, ҰЕҰ-ды ерікті түрде тіркеуді қамтамасыз етуді, ҰЕҰ-ды қаржыландыру үшін ҰЕҰ рейтингін қалыптастыруды көздейтін ҰЕҰ-ды верификациялаудың бірыңғай электрондық тізілімін құру идеясы пысықталды.

Қолданыстағы ҰЕҰ тізілімін ескере отырып, біз гранттарды басқарудың электрондық жүйесін әзірлеу қажет деген пікірге келдік.

Мемлекеттік функцияларды тапсыру процесіне дайындық деңгейі жоғары ҰЕҰ-ды қарастыру талқыланған мәселелердің бірі болды. Бұл жұмыс мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын күшейтумен және мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен кедергісіз өзара іс-қимылын қалыптастырумен қатар жүрді. Ол «open space», «front offices» деп аталатындар.

Мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматқа көшіру процесі интенсификацияланды. Бұл сол мемлекеттік функциялардың

қысқаруымен қатар жасалды. Қызметті жетілдіру үдерісі аса консервативті ІІМ-нің арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтары сияқты аймақтарды қамтыды. Олардың қашықтық және цифрлық режимге көше бастағаны сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін бейтарап етуге жәрдемдесті. Волонтерлікті дамыту, әсіресе оны әлеуметтік ең осал өңірлерде дамыту мәселелері маңызды орын алды.

2019 жылғы сәуірден бастап www.qazvolunteer.kz волонтерлік қызметтің онлайн платформасы іске қосылып, онда 300-ге жуық волонтерлік ұйым мен 16 мыңнан аса волонтер тіркелген. Студенттерге әлеуметтік студенттік кредит тағайындау мәселесі пысықталған болатын. Ол төмендегі бағыттар бойынша студенттердің волонтерлік қызметін ынталандырады:

- оқу мұқтаждығы ерекше адамдармен (балалармен) жұмыс;
- репетиторлық (қазақ тілі, ағылшын тілі, информатика);
- девиантты мінез-құлқылы кәмелетке толмаған балалармен жұмыс;
- аула және спорт клубтарын ұйымдастыру – балаларға қосымша білім беру ұйымдарында;
- қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс – медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда).

Студенттердің жұмыс атқарған сағаттарын фиксациялау үшін платформада «Әлеуметтік студенттік кредит» модулі әзірленіп іске қосылды (АҚДМ, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ, БҒМ арасында жасалған меморандум бойынша).

Студенттердің модульге қызығушылығы байқалды. Бастапқы кезеңде оған 9 мыңға жуық студент қосылды.

Волонтерлік компонент пен Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар конвергенциялық жолмен біріктірілді. Әлеуметтік қызметкерлердің волонтерлермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мәселелері атап өтілді.

Осы атқарылымдар 2020 жылы жарияланған Волонтер жылына дайындалу кезінде пайдаланылды. Сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту саласында да мүмкіндіктер артылды.

2019 жылы ҰЕҰ-лардың **әлеуметтік-кәсіпкерлік қызметі** саласындағы үздік тәжірибені анықтау мақсатында Алматы қаласында «Ozgeris ustazy» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлес үшін

Бірінші республикалық сыйлығын тапсырудың салтанатты рәсімі өтті. Рәсім барысында жалпыға бірдей дауыс беру арқылы іріктеліп алынған білім беру, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, экология салаларында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға әлеуеті бар ҮЕҰ-ларға 15 сыйлық (әрқайсысы 500 мың теңге шағын гранттар) табыс етілді.

Бұған қоса, еліміздің 152 әлеуметтік кәсіпкері қамтылып, Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлерінің тізілімі әзірленді. Осы Тізілімнің негізінде өңірлік әлеуметтік кәсіпкерлер қызметінің негізгі бағыттары, саны мен нысаны көрсетілген Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлерінің картасы әзірленді.

Яғни, ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың арасындағы ынтымақтастықты дамытудың әртүрлі бағыттарының осындай синхронизациясы жүзеге асты.

Басты мәселе азаматтық секторды дамытудың перспективаларын анықтау болды. 2011 жылдан бері азаматтық қоғамды дамыту мәселесі тұжырымдамалық деңгейде ойластырылмады.

2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдама үкіметтік емес секторды мемлекеттік даму стратегиясына қалай енгізуге қарай көзделген. Ол әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруді көздеген болатын. Тиісінше, ҮЕҰ секторының әлеуетін жүйелеп, оны осы жаңа стратегияға енгізу қажет болды.

Мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы диалогты нығайту сияқты міндеттер белгіленді. Бұл Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық сарапшылар палатасының құрылуы осының іске асырылуы болды.

Үкімет адам құқықтары жөніндегі үкіметтік емес ұйымдарды негізгі серіктес ретінде таныды. Белгілі бір статус-квоға келу немесе олармен келісім-шартқа отыру қажеттілігін, жалпы ұлттық мүдделер үшін синергия қажет болғанын түсіну қалыптасты.

«Десанта» үкіметтік емес ұйымының 2019 жылғы зерттеуіне сәйкес, азаматтық қоғамның мүдделерін жақтайтын және адам құқықтарын қорғайтын ҮЕҰ-дар, әлеуметтік, жастар және экологиялық ҮЕҰ-ға қарағанда аса өкілетті болмаса да, ең белсенді болып табылады.

Адам құқықтарын қорғау тақырыбы көбірек біліктілікті талап етеді және кейде іс-шараларды өткізуге байланысты емес. Мәселе осында. Дегенмен, 2018 жылғы қарашадағы Азаматтық форумның жетістігі дәл сол адам құқықтарын қорғаудың күн тәртібін ілгерілету болғанын атап

ету керек. Форум қорытындысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019 - 2023 жылдарға арналған Жол картасын іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берілді.

Пробация инфрақұрылымын дамытуға және жалпы түрмедегі қазақстан тұрғындарының санын азайтуға серпін беру оның құндылығын көрсетеді.

Осы жол картасының бастапқы кезеңінде қылмыстық-атқару жүйесіндегі мәселелерді шешуге көмектесетін бірқатар шаралар жүзеге асырылды, атап айтқанда:

Пробация қызметіндегі психологтар штатын кеңейту, сотталғандарға медициналық көмек көрсету функциясын аумақтық денсаулық сақтау органдарына беру.

Балалар колонияларының мәселелеріне талдау жасалды, бірақ соған қарамастан оларды қылмыстық-атқару жүйесінің қарамағында қалдыру туралы шешім қабылданды.

2019 жылдың соңында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Оның нәтижесінде заңнамаға елеулі либералдық принциптер енгізілді, атап айтқанда:

- ✓ жазаның бөлігін жазаның әлдеқайда жеңіл түрімен ауыстыру және науқастануына байланысты жазадан босату;
- ✓ сотталғандарға өтініштерімен электрондық форматта жүгіну құқығын беру;
- ✓ жеңілдікпен жазасын өтеп жатқан сотталғандардың қолма-қол ақшасыз есеп айрысу арқылы өнімдер мен аса қажетті заттарды шектеусіз сатып алу құқығын бекіту;
- ✓ бір адамдық камерада ұстау мерзімін 6 айдан 4 айға дейін қысқарту;
- ✓ сотталғандарды бір мекемеден басқасына ауыстыру шарттарын (критерийлерін) нақтылау (сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын сақтау үшін).

Сонымен қатар, түрмелерді модернизациялау, тұтқындардың шоғырлануын азайту, тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыс белсенді жүргізілді.

2018 жылғы Азаматтық форумда бір маңызды үдеріс – ұрпақ алмасуының тездетілуі ескерілді. Бұл процесс мемлекеттік

органдарда байқалды, бірақ ол мемлекеттік секторға да тез тарала бастады. Тәуелсіздік жылдарында ғана емес, жаңа мыңжылдықта туылған жастар белсенді еңбекпен айналыса бастады. Олар миллениал, Z буыны деп аталады.

Осы тұрғыда 2019 жылдың Жастар жылы деп жарияланғаны назар аударалық. ҮЕҰ-ды жастар процестеріне кеңірек тартуды қамтамасыз ету, сондай-ақ жастардың күш-жігерін ҮЕҰ шығармашылық белсенділігінің арнасына ауыстыру маңызды болды.

Азаматтық қоғам институттарының жастар саясатын нығайтуға қатысуын кеңейту мақсатында 2019 жылы орталық деңгейде 52 әлеуметтік жоба іске асырылды. Жобалар мыналарды көздейді: білім беруді дамыту, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, түрлі бағыттағы дарынды жастарды анықтау және қолдау, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту, отбасылық құндылықтарды нығайту, экологиялық мәдениетті дамыту, этномәдени бірлестіктердің белсенді қатысуымен жастар арасында әлеуметтік бірлікті дамыту және т.б.

Жастар жылын өткізуге арналған Жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бес бағыт бойынша іске асырылды. Олардың қатарында: жастарды, оның ішінде жастарды атап айтқанда жұмыс істейтіндерін тұрғын үймен қамтамасыз ету; жастарды жұмыспен қамтылуы; білім беруді және волонтерлікті дамыту; жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту; жас отбасыларын қолдау, денсаулық және әлеуметтік инклюзивтік.

2019 жылы өңірлерде жастардың ғылыми-шығармашылық бастамаларын қолдауға, волонтерлікті дамытуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға, жастар арасында суицид пен құқық бұзушылықтың алдын алуға, діни және этносаралық негізде болуы мүмкін жанжалдардың себептерін анықтауға, жастарды патриоттық тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, жастар арасында әлеуметтік, құқықтық, мәдени және мінез-құлық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етуге, жастарды қолдауға және т.б. бағытталған 351 әлеуметтік жоба іске асырылды.

2019-2020 жылдар кезеңі ерекшеліктерінің бірі, оның бұрынғы болғаннан түбегейлі басқаша болғанында.

Саяси транзит үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимылдағы ұстанымдарды қайта қарау талап етілген жағдайды тудырды. 2018 жылғы қарашада Азаматтық форумда айтылған Азаматтық қоғамды дамытудың жаңа тұжырымдамасын қабылдау туралы тапсырма саяси өзгерістерден кейін 2020 жылы жүзеге асырылды.

Айта кететін жайт, пандемия кезеңі мен жаһандық үдерістер ҮЕҰ-ды дамытуға, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы үндесуге қатысты жаңа көзқарасты қабылдаудың маңыздылығын көрсетті.

2020 және 2021 жылдар кезінде мұндай іс-шараларды өткізудің әдеттегі ырғағынан тысқары болып көрінген екі азаматтық форум өтті.

3. ҮЕҰ-ды дағдарысқа қарсы әрекетке тарту (IX форум)

2020 жылғы қарашада пандемия салдарынан онлайн форматта өткен **IX Азаматтық форумда** қызметтерді цифрландыру, халыққа психологиялық қолдау көрсету, қызметтерді қашықтықтан алу мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері талқыланды.

Осылайша, «Құлақ асушы мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шегінде **мемлекеттік органдардың интернет ресурстарының бірыңғай платформасының функционалдығы** іске қосылды.

«Өтініш жазу», «Көшбасшы блогы», «Азаматтарды қабылдау кестесі», «Сұрақ қою» 4 сервисі бар «Онлайн қабылдау» арнайы бөлігі платформа негізінде құрылды.

«Халық қатысуының бюджеті» жобасын әзірлеу арқылы бюджет процесінің ашықтығы кеңейтілді. Өңірлерде «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы» жобасы іске асырылуда. Карточканың әлеуеті бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Жоба шегінде өңір тұрғындары абаттандыруға, атап айтқанда тротуарларды, арықтарды салуға және жөндеуге, спорт алаңдарын орнатуға, жөндеуге және жарықтандыруға, пандустарды абаттандыруға, салуға және жөндеуге, балаларға арналған ойын алаңдарын орнатуға бюджет қаражатын жұмсау басымдығын анықтауға мүмкіндік алды..

Өскелең цифрландыруды ескере отырып, ақпаратқа қол жеткізу бөлігінде ұстанымдар жетілдірілді.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 30 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Осы Заңда ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша түзетулер блогы қамтылды.

Негізгі инновациялары:

- ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды және оның құзыретін, сондай-ақ барлық мемлекеттік

органдардағы ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша уәкілетті құрылымдық бөлімшені немесе тұлғаны анықтау;

- ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жыл сайынғы есептілікті Мемлекет басшысының атына енгізу ;
- орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушыларды ақпарат иелеріне жатқызу;
- ашық деректерді орналастыру және блог жүргізу міндеттемесін квазимемлекеттік сектор ұйымдарына да жүктеу т.б.

Бұдан басқа, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы күшейтілді. Комиссия құрамының шамамен 60% ҰЕҰ құрайды.

«Е-Жүгіну» АЖ пилоттық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ол арқылы азаматтар мемлекеттік органдарға жүгініп, арыз-шағымдарын жолдап, тиісті жауаптар ала алады.

Барлық әкімдіктерде «Ашық диалог» (блог, интернет конференциялары, сауалнамалар, жазбалар, отырыстардың онлайн трансляциялары), мессенджерлер (Telegram, WhatsApp), әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram) т.б. сияқты коммуникация арналары арқылы жүгінген өтініштерді және хабарлауды қоса алғанда жұмыс жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарын жүргізуге ерекше назар аударылды, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға мониторинг қорытындылары бойынша жауап беру алгоритмі әзірленді.

Жекелеген өңірлерде арнайы мобильді қосымшалар іске қосылды. Мысалы, Павлодар облысының әкімдігі «Менің Павлодарым» мобильді қосымшасын, Ақтөбе облысының әкімдігі – «Open Aktobe» мобильді қосымшасын, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі – «Smart Uralsk» мобильді қосымшасын пайдаланады. Азаматтардың жүгіну өтініштерін қабылдау, халыққа ақпарат беру, түрлі қызметтер көрсету осы қосымшалардың міндетіне кіреді.

Кейбір іс-шаралар қоғамдағы жанжалдықты азайтуға бағытталған. Пандемия кезінде көптеген отбасылар жабық кеңістікте болуға тап болды. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың өсуіне байланысты проблемалар орын алды. Сонымен қатар, пандемия халықтың бір бөлігінің психикалық ахуалына әсер етті. Сарапшылар көрсеткендей, мобильділіктің тым шектеулі болуы ер адамдар үшін қиындықтар тудырды. Өйткені ер адамдар сырттағы жұмыс орнымен қамтылады және олар отбасы мен үй істеріне аз уақыт бөліп тұрады.

Осыны ескере отырып, медиация институтын және дауларды сотқа жеткізбей реттеуді насихаттау саласындағы жұмыс белсенді жүргізілді. «Әлеуметтік мәселелерді шешу және қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтау үшін медиация институтын қолдану» деп аталатын гранттық жоба көзделген болатын.

Өңірлерде медиация саласындағы жұмыс жүйелендірілді.

Әкімдіктердің, АХАТ-дың, Достық үйлерінің, кәсіподақтардың, медиаторлар ұйымдарының жанында 47 татуластыру орталығы, 31 отбасылық консультация орталығы, 53-тен астам комиссия және 1000 кабинет жұмыс істейді. Олардың құрамында медиаторлар, психолог-мамандар, дағдарыс орталығының наркологалары жұмыс істейді.

Медиация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2021 жылғы 10 маусымда «Сингапур конвенциясы халықаралық сауда қатынастарына қатысушылардың сенімін нығайту факторы ретінде» халықаралық форумы ұйымдастырылып, оған Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Украинаның медиативтік қоғамдастығының сарапшылары мен өкілдері қатысты.

Форум шегінде ұйымдастырушылар Форумға қатысушы елдердегі медиация туралы Сингапур конвенциясын ратификациялау және имплементациялау мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге әзірлігін білдірді. Медиацияда қол жеткізілген келісімдерді орындаудың әмбебап құқықтық тетігін ұлттық заңнамаға енгізу, сол арқылы олардың ерікті түрде орындалуын бір мезгілде ынталандыру және кепілдік беру ұсынылды.

Жекелеген іс-шаралар кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға, буллингке, моббингке, кибербуллингке қарсы іс-қимылға және т.б. арналды.

2021 жылы «Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың профилактикасы бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру» атты әлеуметтік жоба іске асырылды. Бұл құжат интернет кеңістігінде қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне, Интернетке тәуелділіктің және құмар ойындарға тәуелділіктің профилактикасына жастарды үйрету үшін жағдай жасауды мақсат тұтты.

Буллингке қарсы іс-қимыл әдістемесін анықтау бойынша мемлекеттік органдардың құзыреттерін бекіту жөнінде жұмыс жүргізілді.

Отбасылық құндылықтарды және отбасындағы дұрыс өзара қатынастарды насихаттау, ата-аналар мен балаларды жақындастыру, сондай-ақ оқушылардың мінез-құлық нормалары мен имандылық туралы білімін кеңейту мақсатында «Ризашылық – мейірімділік бұлағы», «Отбасы сағаты», «Отбасы – бақыт мекені» апталығы, «Менің бастауым – менің ауылыма» балалар әлеуметтік жобасы, «Бақытты бала – бақытты ана – бақытты отбасы – бақытты ел» жол картасы т.б. республикалық акциялар өткізіле бастады.

Сондай-ақ балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік мәселесі, оның балаларға және қоғамға қатысты салдары туралы халықтың хабардарлығын арттыру мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» жыл сайынғы республикалық ақпараттық науқаны өткізілді.

Пандемия кезеңі денсаулық пен экология сияқты мәселелерді алға тартты. Осының негізінде волонтерлік қозғалысқа жаңа серпін берілді. «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының қызметі жанданды.

2020 жылғы желтоқсанда қабылданған жастарды қолдаудың жаңа жоспары шегінде 2021 жылға ғана «Жасыл Ел» жобасына 1,2 млрд теңге бөлінді.

UPGRADE QAZAQSTAN, Отан-Ағаш, Ақбұлақ, #TRASHTAGKZ, ECO PACK сияқты бірқатар экологиялық бастамалар мен абаттандыру жобалары іске қосылды.

«Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру» тақырыбындағы жоба бойынша бірқатар, атап айтқанда «Киелі табиғат» республикалық жастар экологиялық акциясы, ғылыми-ағартушылық арна деген бағыттар жүзеге асырылуда.

Полиэтилен пакеттерін пайдалануды қысқарту, пластмасс қаптамаларды қайта өңдеуді кеңейту шаралары басталды. Қалдықты бөлек сұрыптау қағидаттарын енгізу бойынша іс-шаралар өтті. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Керуен» сауда ойын-сауық орталығында және Алматы қаласындағы «Достық плаза» сауда ойын-сауық орталығында пластик пен алюминийдің қайта өңделген шикізатын жинауға арналған фандоматтар іске қосылғаны қызықты пилоттық жобалардың бірі болды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелерін заңнамада бекіту алдағы уақытқа арналған маңызды қадамға айналды.

Төмендегі шаралар әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі басымдықтарына айналды:

- ерекше мұқтаждықтары бар адамдардың өмірін қамтамасыз етуге және кедергісіз ортаны ұйымдастыруға арналған медициналық техниканың, арнайы құралдардың және басқа да тауарлардың отандық өндірушілерін қолдау және ынталандыру;

- күрделі өмір жағдайына тап болған азаматтардың осал санаттарын инклюзивтік жұмыспен қамту, әлеуметтік оңалту, оқыту және табыстарын арттыру мәселелерін шешуге бизнесті тарту;

- әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларындағы кәсіпкерлік субъектілер көрсететін кең ауқымды қызмет түрлерінің алуан түрлі болуын және сапасын арттыру.

Инфрақұрылымды қамтамасыз ету, кредит мөлшерлемелерін субсидиялау, мүліктік қолдау, салық жеңілдіктері, оқыту, ақпараттық сүйемелдеу, іскерлі әріптестер іздеуге жәрдемдесу сияқты әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жасау шаралары, әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары жоспарлануда.

ҰЕҰ Академиясы жобасы шегінде 160 ҰЕҰ өкілдеріне арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде «Өрелі ұрпақ» әлеуметтік кәсіпкерлік мектебі іске қосылды.

«Қазақстандық ҰЕҰ арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру және танымал ету» жобасы жүзеге асырылуда.

Осы жобаның шегінде еліміздегі ҰЕҰ қатарынан кемінде 20 әлеуметтік кәсіпкерді қолдау, іске асырылған жобалардың кемінде 30 пайызын бизнес қоғамдастығының тарапынан одан әрі қаржыландыру, кемінде 10 мүмкіндігі шектеулі мүгедекті жұмыспен қамту, ҰЕҰ арасындағы әлеуметтік кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерінің базасын қалыптастыру жоспарлануда.

Ауыл бастамаларына ерекше көңіл бөлініп келді.

Осы бағыттың шегінде ауыл тұрғындарының цифрлық, қаржылық сауаттылығын арттыру шаралары жүргізілуде. Республика бойынша 2020 жылы үкіметтік емес ұйымдарды, атап айтқанда ауылдағы үкіметтік емес ұйымдарды, волонтерлерді, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау үшін 52 азаматтық орталық құрылды. Орталықтардың жұмыс атқаруы кезінде 600-ден астам оқыту іс-шаралары мен консультациялық көмек көрсетілді.

4. Азаматтық қоғамды дамытудың 2030 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы шегіндегі ұстанымдарды енгізу

Бұрынғысының іске асырылу мерзімі аяқталғаннан соң іс жүзінде он жыл өткесін қабылданған Азаматтық қоғамды дамытудың жаңа тұжырымдамасында негізгі проблемалық аспектілер танылды. Ең бастысы, бизнесті де, үкіметтік емес ұйымдарды да қоса алғанда, елде қуатты, дербес жеке меншікті сектор құру керек болды.

Бұл ретте мемлекеттің экономикадағы үстемдігінің жалғасқаны басқа секторлардың жеткіліксіз қуаттылығынан байқалады. Үкіметтік емес сектор мемлекеттік қаржыландыруға тым тәуелді. Кейбір үкіметтік емес ұйымдар ұзақ уақыт бойы шетелдік қаржыландыруды тұтынады. ҮЕҰ-ның осы екі түрі күші жағынан шамамен бірдей. «Десанта» қоғамдық қоры 2019 жылы жүргізген зерттеуіне сәйкес, қазақстандық ҮЕҰ-ның 29-34 пайызы мемлекеттік, 23,6 пайызы халықаралық көздерден қаржыландырылған. ҮЕҰ-ның шамамен 12-13%-ы демеушілік көмек алады. Енді 10%-ға жуығының ҮЕҰ-ның негізгі қызметін қолдауға көмектесетін қосалқы коммерциялық бизнесі бар.

Мемлекет үшін үкіметтік емес ұйымдардың сұраушы болмағаны, әсіресе мемлекетке көмек қажет болған жағдайда, олар белгілі бір жауапкершілікті мойнына алуға қабілетті болғаны маңызды.

Бұған қоса, сарапшылар мен саясаткерлер мәселені көрсеткендей, мемлекеттік органдар өз қызметімен шектеледі, ал ҮЕҰ өз қызметіне ғана жұмылдырылады. Олардың арасындағы тиісті конвергенция жоқтың қасы.

Үкіметтік емес сектор өзінің күн тәртібін тиімді ілгерілетуге лайықты кемелдену деңгейіне жеткен жоқ. GoNGO деп аталатын мемлекеттік органдардың ықпалымен құрылған немесе жобалық қызметтің шегінде олармен біріктірілген қоғамдық мәртебесі бар жекелеген ұйымдар яғни квази ҮЕҰ-ының даму мәселелері талқыланды. Осы мәселелердің барлығы ҮЕҰ дамыту жөніндегі жаңа тұжырымдамалық құжатта мүмкіндігінше ескерілді.

2020 жылғы тамызда бекітілген және бүгінгі күнге дейін қолданыстағы **Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында** бес негізгі міндет белгіленген.

1. Қоғамдық-саяси саланы қоса алғанда азаматтық қоғам мен оның институттарының дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу.
2. Азаматтық белсенділікті қолдау және дамыту.
3. Азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының шешім қабылдау және мемлекеттік істерді басқару процесіне қатысу деңгейін арттыру.
4. Азаматтық қоғам институттарының әлеуетін нығайту.

5. Қазақстандағы БҰҰ Орнықты даму мақсаттарын Қазақстанда имплементациялау процесіне азаматтық қоғамды қатыстыру.

Стратегиялық жоспарлау жүйесінің бөлігі ретінде құжатты іске асыру қорытындыларын көрсетуге арналған нақты көрсеткіштерді енгізу Тұжырымдаманың тұнғыш рет қолданылған жаңалығы болды.

Ең маңызды көрсеткіштердің қатарынан тұрақты ҰЕҰ санының артуын, ҰЕҰ-ды қолдауға бизнес пен жеке адамдардан түсетін қайырымдылық жарналарының өсуін, волонтерлік қозғалысының кеңеюін, ҰЕҰ әлеуметтік жобаларынан қызмет алушылардың қанағат болуының артуын атап өтуге болады.

Осылайша, азаматтық қоғамды дамытудың сапалы жаңа тұжырымдамасы ұсынылды. Ол саяси және саяси емес сипаттағы ҰЕҰ-ның және басқа да қоғамдық бірлестіктердің әрекет ету қабілетін нығайтуды көздейді.

Тұжырымдаманы іске асыру 2030 жылға дейінгі кезеңге ойластырылған.

2025 жылға дейінгі бірінші кезеңнің шегінде азаматтық қоғамды дамытудың құқықтық және мазмұндық аспектілері қатар қолданылады.

Одан әрі уақытта шешім қабылдау процесіне шынайы қатысу үшін ҰЕҰ секторы мен азаматтық қоғам институттары мемлекетпен бәсекеге қабілетті, әріптестік деңгейіне жетеді шығады деп күтілуде.

XI Азаматтық форумның жаңа тұжырымдамасы шегінде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді.

Біріншіден, қоғамдық-саяси алаңды айтарлықтай либерализациялайтын бірқатар заңдар қабылданды. Олардың қатарындағы «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға сәйкес жиналыстарды өткізудің рұқсат беру тәртібінен хабарлау тәртібіне көш түзелді.

Ұзақ талқылаулардан кейін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық кеңестердің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Түзетулер кеңестер тиімділігін арттыруға, олардың барынша ашықтығы мен жариялылығына бағытталған. Қоғамдық кеңестерге күн тәртібін дербес қалыптастыру, көтерілген мәселелерге басымдық берудің мүмкіндігі берілді.

Мемлекеттік сатып алу комиссияларының жұмысына қатысатын, мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен

құқық қорғау органдарының қызметі туралы есептерін тыңдау бойынша қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері кеңейтілді.

Квазимемлекеттік ұйымдар жанынан қоғамдық кеңестердің құрылуы алға қарай жасалған ірі қадамдардың бірі болды.

2021 жылғы желтоқсанда жеке және заңды тұлғаларға қатысты құқық қорғау қызметінің мәселелері бекітілген «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң күшіне енді.

Маңызды нормативтік құқықтық актілердің арасынан дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеуді дамытуға бағытталған заңды атап өтуге болады. Ол медиация деп аталады.

Волонтерлік қызмет және қайырымдылық туралы заңнамаға түзетулер қабылданды.

Партиялық және сайлау заңнамасын жетілдіруге серпін берілгенін былай қойғанда мұның барлығы азаматтық сектордағы ауқымды өзгерістердің бөлігі болды. Конституциялық өзгерістерді қабылдау бойынша референдум, сондай-ақ елдегі саяси биліктің қайта жандануына әкелген кезектен тыс президенттік және парламенттік сайлаулар өтті.

ДИАҚБ/ЕҚЫҰ өткен сайлауға берген қорытынды бағасында сайлау жүйесі мен үдерісін жетілдірудегі **бірқатар оң өзгерістерді** атап өтті. Бақылаушылар, ең алдымен, сайлау процесінің плюрализациясына жеткізген сайлану шегін төмендету және партияларды тіркеуге қойылатын талаптарды азайту сияқты жүйелі шараларды атап өтті. Орталық сайлау комиссиясының жұмысы ақпарат беруден де, тиісті рәсімдерді іске асыру тұрғысынан да оң бағаланды.

Сонымен қатар, дауларды қарауды азаматтық істер бойынша соттардан мамандандырылған әкімшілік соттарға беру оң бағаланды.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қол жетімділігін қамтамасыз ету сияқты жақсы өзгерістер атап өтілді. Сайлаушылар тізімдерін бақылау үшін электрондық үкімет порталы қолданылды. Бұл қайта дауыс беру мүмкіндіктерін шектеуге ықпал етті. Үгіт науқаны кезінде кандидаттардың кірістері мен шығыстары туралы есептерді жариялау. Оппозициялық партиялар әлі де тіркеуден өтпесе де, заңнаманы либерализациялау нәтижесінде екі жаңа саяси партия тіркеуден өтті. Сайлау науқанына жекелеген қайырымдылық берушілерінен немесе заңды тұлғалардың түсетін жарналардың көлемін шектеу тағы бір оңды жағдай болды.

Азаматтық секторға қатысты заңнаманы жетілдіру жалғасуда.

Қазіргі уақытта Парламентте «Кейбір заңнамалық актілерге қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылдау жұмысы жүргізілуде. Қоғамдық бірлестіктерді тіркеуге бастамашы болған азаматтардың санын 10-нан 3-ке дейін азайту Заң жобасымен енгізілетін негізгі жаңалық болып табылады. Бұл азаматтық бастамаларды дамытуды айтарлықтай жеңілдетеді және азаматтардың қауымдасу еркіндігіне серпін береді.

«Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы әзірленді.

Заң жобасы қоғамдық бақылау саласындағы негізгі ұғымдарды, қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерін, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтап, қоғамдық бақылаудың түрлерін бекітті, сондай-ақ қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысудың шарттарын және қоғамдық бақылау қорытындыларын қарау жөніндегі нормаларды реттеді.

Заң жобасы қоғамдық бақылаудың қолданыстағы тетіктерін (мониторинг, сараптама, талқылау және өткізу орындарына сапарлар) және келешекте пайда болатын тетіктерді реттеуге бағытталған.

Екіншіден, азаматтық белсенділікті, атап айтқанда волонтерлікті ынталандыру шаралары жүзеге асырылуда.

Мәселен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, гранттық қаржыландыру, қайырымдылық пен волонтерлікті қолдау бөлігінде түзетулер енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық және волонтерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Атап айтқанда, мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы ұзақ мерзімді негіздегі өзара іс-қимыл мүмкіндігін көздейтін стратегиялық әріптестік институты алғаш рет енгізілді.

Волонтерлік қозғалысын жандандыру мәселесі бойынша ауқымды жұмыс атқарылуда. 2020-2022 жылдары түрлі жобалардың шегінде 120 мыңнан аса волонтер тартылды.

2023 жылы 54 волонтерлік жобаны іске асыру жалғасып, олардың шегінде 240 шағын грант іске асырылатын болады.

Ауқымды жұмыстардың нәтижесінде волонтерлік ұйымдардың саны 224-тен 680-ге (2019 ж. – 224, 2022 ж. – 680) дейін көбейсе, белсенді волонтерлердің саны 50 мыңнан 200 мыңнан асты (2019 ж. – 50 мың адам, 2022 ж. - 200 мыңнан аса волонтер).

Азаматтық қоғам өкілдерін ынталандыру ретінде ҰЕҰ сыйақысы мен «Жыл волонтеры» сыйақысын марапаттау жыл сайын өткізіледі.

Белсенді әрі жемісті қызмет, қайырымдылық пен қайырымдылық үшін үздік меценаттарға «Шапағат» медалі табыс етіледі. 2023 жылы мемлекеттік деңгейде тұңғыш рет қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беріледі.

Халықаралық волонтерлерді жұмылдыру жылын өткізіуге арналған БҰҰ-ның сессиясында Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаев мәлімдеген бастаманы ілгерілету шегінде 2023 жылғы 20-21 маусым кезеңінде Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Халықаралық волонтерлер форумы өтті.

Волонтерлік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру мақсатында Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп Халықаралық волонтерлік орталығы ашылды. Министрлік БҰҰ-мен бірлесіп Толық қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру туралы келісімге қол қойды.

Қазақстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және Тәжікстан арасындағы волонтерлік бастамаларды, бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру бойынша волонтерлік қызмет және тәжірибе алмасу саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Үшіншіден, ҰЕҰ жобаларын қаржыландыру тетіктерін жетілдіру маңызды элемент болып қала береді.

15 жылдан аса уақыт бойы іске асырылып келген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс кең ауқымды мәселелер бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталған (оны іске асыруға бүкіл республика бойынша 400-ден аса бюджеттік бағдарламалардың администраторлары тартылған). 2023 жылы 2 мыңнан аса әлеуметтік жобаны іске асыруға 20 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Олардың қатарына халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарын қорғау, әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, мүгедектерді әлеуметтік оңалту жобалары кіреді.

Олар гранттық қаржыландыру жүйесіне әсер етеді. ҰЕҰ-ды әлеуметтік мәселелерді шешуге тартуда 2016 жылдан бастап енгізілген тетік мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен салыстырғанда әлдеқайда икемді болып табылады.

Гранттық қаржыландыру «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ретіндегі бірыңғай оператор арқылы жүзеге асырылады.

2023 жылы халықаралық тәжірибе мен құқық қолдану тәжірибесін талдау ескеріліп, гранттық қаржыландыруға қатысты ұстаным заңнамалық деңгейде қайта қаралды.

ҰЕҰ-ға грант беруде сараланған ұстанымды көздейтін санатталған гранттардың (қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді) жаңа жүйесі енгізілді. Сондай-ақ іске асырылған гранттардың тиімділігін бағалаудың тетігі енгізілді.

Қазіргі таңда Оператор АҚДМ мен жергілікті атқарушы органдарының гранттарымен жұмыс істеуде (2023 жылы Министрліктің және Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Атырау, Алматы, Жетісу облыстары сияқты 7 әкімдіктің жобалары іске асырылуда).

Сондай-ақ орталық мемлекеттік органдарға Оператор арқылы грант беру құқығы заңнамалық деңгейде берілді (бұрын 2016 жылдан бері мұндай құзыретке АҚДМ ғана ие болса, 2018 жылдан бастап ол жергілікті атқарушы органдарға да берілді).

Мұқтаждықтарды бағалау негізінде «төменнен жоғары қарай» грант жоспарлаудың жаңа форматы енгізілді. Жаңа ұстаным ҰЕҰ-ға өз бастамасын әлеуметтік жоба ретінде ұсынуға артықшылық береді.

Төртіншіден, үкіметтік емес секторда білім беру және ағарту әдістерін күшейту, әлеуметтік кәсіпкерлік дағдыларын дамыту. Яғни, ҰЕҰ қабілеттерін, өзіне-өзі жеткілікті болуын кеңейту және өз-өзін қамтамасыз етуге көшу мүмкіндігі.

Қоғамдық ұйымдар өкілдерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында «ҰЕҰ Академиясы» жобасы іске асырылып, оның шегінде 2022 жылы 1000-нан аса азаматтық сектор өкілі оқытылып, 48 жаттықтырушы оқытылды. «ҰЕҰ Академиясы – Maxico IT Company» мобильді қосымшасы әзірленіп, оның көмегімен әрбір адам ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жерден білім ала алады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу жүргізілді. Кәсіпкерлік кодексіне енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлік туралы нормалар 2022 жылғы қаңтарда күшіне енді. Олар әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын, атап айтқанда тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді, салықтық жеңілдіктер беруді, қаржылық қолдау көрсетуді, оның ішінде кредит мөлшерлемесін субсидиялауды, мемлекеттік мүлікті жеңілдетілген шарттармен жалға беруді және дамуға ақпараттық, консультациялық және әдістемелік қолдау көрсетуді көздейді.

Мысалы, мүгедек қызметкерлерінің саны 50% асатын ұйымдар корпоративтік табыс, әлеуметтік және жер салықтарынан босатылған.

5. ҮЕҰ мен мемлекет арасындағы диалогты дамытудың жаңа кезеңі – халықаралық күн тәртібі және ОДО (Х-форум)

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арнайы 2021 жылдың қарашасында өткен Х Азаматтық форумның қорытындылары туралы жеке сөз айту керек.

Ең алдымен, форум БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарын іске асыруды қолдау желісін жалғастырғанын атап өткен жөн. Бұл мәселе 2016 жылдан бері өткен форумдардың әрқайсысында көтеріліп келді. Бірақ қазір Үкімет пен ҮЕҰ күш-жігерін жұмылдыруға бағытталған міндет қойылды. «Бейбітшілік» бағытына ерекше назар аударылып, ол бағыт барлық ОД орталықтарына әдістемені іс жүзінде белгілейді, өйткені қауіпсіздік, тұрақтылық, еркіндік, демократия және прогресс бәрінің негізіне жатады.

ҮЕҰ мен жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарды нығайту осындай сектораралық өзара іс-қимылдың тағы бір элементі болып табылады. Мәселен, Қазақстан ЖОО қауымдастығымен консультативтік жұмыс күшейтілді.

Жоғары оқу орындарында бұрын құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясының кафедралары 2021 жылы бірыңғай «Шаңырақ» бірлестігіне біріктірілді. Ассоциация гранттық қаржыландыру және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде ҮЕҰ ретінде қаржыландыруға қол жеткізді.

Бұл ретте азаматтық секторды институттандырудың бөлігі ретінде оны одан әрі құқықтық дамытудың және регламентациялаудың әлеуетіне егжей-тегжейлі талдау жасалды. Осыған қатысты ҮЕҰ, коммерциялық емес, үкіметтік емес, азаматтық секторлардағы ұйымдарды, сондай-ақ қоғамдық интерпретациялауға байланысты түсініктеме аппаратты нақтылау туралы дискуссиялар жалғасуда.

Сарапшылар мен заңгерлер арасындағы келіспеушіліктердің негізгі элементі ол ҮЕҰ-ның саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктерден бірқатар айырмашылық белгілерінің болуы. ҮЕҰ әлеуметтік мәселелерді шешіп, табысқа қол жеткізуден бас тартады. Сонымен қатар, соңғы жылдары екі сектор яғни ҮЕҰ мен бизнес біріне бірі жақындасып, көптеген мәселелер бойынша одақтас болды.

Сондықтан да ҮЕҰ құқықтарының неғұрлым нақты жазылғаны және олардың әлдеқайда тұрақты институционалдық позицияларға орналасу мүмкіндігі өте маңызды.

Заңгерлер арасындағы негізгі келіспеушілік ҮЕҰ түсіндіруге қандай заңнама немесе құқықтық жүйесінің түрі сәйкес келеді деген сұрақтан туындайды. Бұл прецеденттік немесе кодификацияланған құқық.

Жоғарыда көрсетілгендей, заңнама ҮЕҰ-ға нақты шындыққа сәйкес анықтама бере алмайды, өйткені ол олардың арасында айырмашылық көрмейді. Әдетте, үкіметтік емес ұйымдар қатарына саяси партияларды, діни ұйымдарды, коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды, тұтыну кооперативтерін және бірқатар басқа ұйымдарды қоспағанда, үкіметтік емес ұйымдар ғана жатады кіреді деген түсінік бар.

Осындай ұстаным саяси мақсаттарды көздемейтін немесе экономикалық мақсаттары басым емес жоқ зайырлы коммерциялық емес ұйымдарды ғана ҮЕҰ ретінде жіктейтін халықаралық тәжірибеге тән. Осыған сүйене отырып, ҮЕҰ-ның негізін қоғамдық бірлестіктер құрайды деген болжам жасауға болады.

Заңгерлер ҮЕҰ-ды қоғамдық бірлестік сияқты «тектік шығудан тыс ұғымға» шығарып, ол бөлек регламентациялауды қажет етеді.

ҮЕҰ өз мүшелерінің мүдделерін жүзеге асыру үшін ғана емес, бүкіл қоғам мен жекелеген әлеуметтік топтардың өзгешелеу әлеуметтік маңызды мүдделері үшін құрылады. ҮЕҰ мақсаттары мен мәртебесі заңнамалық деңгейде қайта қаралуы тиіс.

Құқықтық шындықты бейнелі қабылдау принципі бойынша құрылған ағылшын-американдық құқық жүйесін құрлық құқықтық жүйесінің құқықтық шындықты логикалық қабылдауымен механикалық түрде біріктіруге болмайды.

Құрлық құқықтық жүйесі заңдар иерархиясына негізделсе, ағылшын-американдық құқық жүйесі фрагментарлық заңдарды сот прецеденттерімен ғана түсіндіреді және құқықтық реттеудегі олқылықтарды басқа сот прецеденттерімен толтырады.

Бірқатар құқық қорғау ұйымдарының шұғыл талаптарына байланысты ҮЕҰ және қоғамдық бірлестік терминдеріне қатысты талқылау маңызды болып табылады.

Қазақстан заңнамасында қолданылатын «мемлекеттік емес ұйым», «үкіметтік емес ұйым» және «қоғамдық бірлестік» ұғымдарының ара-қатынасын анықтау қажет.

Адам құқықтары қазақстан халықаралық бюросының (АҚХҚБ) басшысы Е.Жовтистің пікірінше, қоғамдық бірлестіктер туралы заңнама әлдеқайда нәзік әрі затты болуы тиіс. Мемлекет азаматтық кеңістікке екі мақсаттың шегінде ғана қатыса алады: мемлекет азаматтық саланың дамуына қолдау көрсеткісі келсе және қоғамдық ұйымдар белгілі бір нормалар шегінде әрекет етуі үшін нақты бір шектеулерді белгілеу қажет болса. Бірақ бұл шектеулер төрт легитимді мақсаттың біріне сәйкес болып, демократиялық қоғамға қажет, заңмен бекітілген және қатерлерге пропорционалды болуы тиіс. Осы ретте, әркез шектеусіз істеу мүмкін емес екенін және олар тойтарылатын қатерге сәйкес екенін дәлелдеу қажет.

Бұл кезеңде кейбір заңгерлердің бір бөлігі азаматтық сектордың қызмет алаңын тым артық және әбден реттелген деп санайды.

Бір жағынан, билік қоғамдық бірлестіктерге, мысалы, саяси партияларға тіркеліп, Парламентке өтуінге қойылатын талаптарды қысқартуда. Екінші жағынан, қоғамдық бірлестіктерге шектен тыс жауапкершілік жүктеліп, ол коммерциялық ұйымдарға қарағанда кей жағдайда жоғары. Коммерциялық ұйым табысқа қол жеткізу міндетін ғана көздеп, былайша айтқанда, әлеуметтік бағыттағы міндеттермен айналыспайды. Сонымен қатар АҚЗСҚХБ «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарда нормалардың қайталанғанын атап көрсетті.

«Құлақ асушы мемлекет» тетіктерін дамыту саласындағы мәселелердің үлкен блогы осы күнге дейін іске асырылуы жалғасуда.

Бұл тұрғыда әлеуметтік саясаттың сезімталдығы артылуда. НЕЕТ-жастар деп аталатындармен жұмыс саласындағы саясат белсенді жүргізілуде.

Бүгінде Қазақстан демографиялық жағынан қарқынды дамып келеді. Жастардың үлесі біршама құлдыраудан кейін репродуктивтік базасының нығаюына байланысты қайтадан өсе бастады. Осы ретте жастар нарықтық, цифрлық заманда өсе түсті және тиісінше өз құқықтары мен мүмкіндіктерін анағұрлым жақсы біледі. Дегенмен, жастардың әлеуметсіздену яғни олардың шеттетілуі немесе белсенді еңбек пен қоғамдық өмірден өздерін шеттетуі мәселесі бар. Жастар өмір сүрудің жеңілдетілген үлгілерін жақсы қабылдайды. Кейбір жастарды тұрмыстық аутизм ахуалына итермелеу жағынан әлеуметтік желілер мен интернет зор рөл атқарады.

Бұл ретте ресми бағалауға қарағанда оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын жастардың үлесі шамамен

8% құрайды. Бұл көрсеткіш өсе түсуде, сондықтан Үкімет NEET санатының сегменті көзделген 2025 жылға дейінгі кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасын қабылдады.

Ұлттық жоба шегінде жұмыс іздеуші, жұмыссыз азаматтар және олардың жекелеген санаттары еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен біліктілік бойынша қысқа мерзімді оқу курстарынан өтіп, жұмыс орнында оқытудан өте алады, сондай-ақ электрондық еңбек биржасының (skills.enbek.kz) негізінде онлайн оқытудан өтіп, бизнес идеяларын іске асыру үшін өтелмейтін мемлекеттік гранттар мен шағын несиелер ала алады. Бұған қоса, жастардың қатарындағы адамдар өз мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесіне қол жеткізу үшін «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақ келісім-шарты» жобаларына қатыса алады.

Жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтудың кез келген нысанына тартудың түрлі тетіктері мен ұстанымдары қолданылады.

Құралдардың бірі **отбасының цифрлық картасы** қазіргі таңда белсенді қолданылады. Ол консультациялық қызмет көрсету, еңбек делдалдығы, кәсіпкерлік негіздеріне және басқа да мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларына оқуға жіберу арқылы «проактивтік» форматта жұмыспен қамтылуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жастардың қажеттіліктері өсуде және еңбек құндылықтарына үйретуді былай қойғанда, оларға әлеуметтенудің елеулі деңгейлері қажет. Осыны ескере отырып, жастардың әртүрлі сегменттеріне әсер етуі тиіс мәдени жобалар кеңейіп келеді. Мәселен, қазақстандық жас жазушылар мен ақындарға арналған әдеби арнайы сыйлықтың тағайындалуы маңызды жайт. Әдеби сыйлық «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Балалар әдебиеті» аталымдары бойынша жасы 18 бен 35 аралығындағы жазушыларға тағайындалады.

Жекелеген мақсатты санат - әйелдер көшбасшылығы. Бұл жерде екі аспект ерекше көзге түседі. Біріншіден, бұл әйелдердің жұмыспен қамтылуы тиімді болып тек үйдегі еңбекпен немесе қосымша аспектілермен шектелмеуі үшін олардың еңбекпен қамтылуын дамыту қажет.

Екінші элемент – қауіпсіздік, құқықтарды қорғау, гендерлік теңдік сияқты салаларда әйел көшбасшылығын дамыту.

Құқық қорғау органдарында қызмет ететін әйелдерге арналған семинарлар өткізіле бастады. Әскери қызметші әйелдерді бітімгершілік қызметке тарту шаралары ынталандырылуда. ЕҚЫҰ-мен,

сондай-ақ БҰҰ бітімгершілік құрамдас бөлігімен бірлесіп іс-шаралар жүргізілуде.

«Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған бірқатар қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы желтоқсандағы қаулысымен беітілді.

Еуропалық Одақ пен БҰҰ «SpoltLight» бірлескен жобасының Басқарушы кеңесінің жәрдем көрсетуімен «SpoltLight» Өңірлік Альянсы құрылды. Оның алаңында Орталық Азия елдерінің сарапшылары, тәуелсіз зерттеушілері, азаматтық белсенділер, ғылыми қоғамдастықтың өкілдері біріктірілген. Орталық Азия мен Ауғанстандағы әйелдер мен қыздарға қатысты жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін болдырмау және жою бойынша іс-қимыл жол картасын әзірлеу және қолдану осы алаңның көздеген мақсаты болып табылады.

Іс-шаралар жоспары келесі іс-шараларды қамтиды:

- Қазақстандағы білім беру тренингтері арқылы жанжал және жанжалдан кейінгі жағдайдағы әйелдердің экономикалық дамуы бойынша әйелдер жөніндегі ЕО пен БҰҰ ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға қатысу;

- әлеуметтік қызметшілерге, отбасын қолдау орталықтарының қызметкерлеріне және гуманитарлық операциялар шегінде Сирия мен Ирактан оралған әйелдер мен балаларды оңалту жөніндегі қоғамдық ұйымдардың қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және қабылдау;

- тренингтен және оқудан өткен әйелдердің, награда алған әйелдердің және басшы лауазымдардағы әйелдердің саны бойынша көрсеткіштерге басымдылық беріліп қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кәсіби дамуға гендерлік әрі сезімтал ұстанымды әзірлеу;

- Бітімгершілік дайындық орталығының (КАЗЦЕНТ) базасында гендерлік мәселелер және азаматтық тұлғалар мен балаларды қорғау бойынша әйел әскери кеңесшілерді даярлау;

- Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Бас прокуратура жүйелеріндегі әйелдерді

басшылық лауазымдарға орналастыру, сондай-ақ олардың одан әрі мансабына мониторинг жүргізу.

Осылайша, қоғамдағы әйел бөлігі әртүрлі үкіметтік және азаматтық құралдар арқылы бітімгершілік миссияларға, құқық қорғау және әскери салаларға қатыстырылады.

Әйелдердің ерлермен қалаған жерде жұмыс істеуге және қызмет етуге тең құқықтары болған осындай жағдай. гендерлік теңгерім мақсаттарына қол жеткізу элементтерінің бірі ретінде қаралады,

Осы ретте тағы бір көрнекі мысал, мемлекет бұрын-соңды болмаған қадамға барып, ауыр және қауіпті өндірісте жұмыс істеу бойынша әйелдерге қойылған шектеулерді алып тастады.

2020 жылдың күзінде Қазақстан Парламенті әйелдерге шектеуі бар жұмыс орындарының тізімін алып тастау туралы шешім қабылдады. Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (ол кезде *Эльвира Әзімова, қазіргі Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының төрайымы*) бұл тізімнің болуы формальды сипатқа ие болғанын, кейбір жұмыс түрлерінің Қазақстанда сұранысқа ие болмағанын не автоматтандырылғанын атап өтті. Оның пікірінше, әйелдерді жұмыспен қамтудың нақты тетігін жасау, денсаулықты сақтау жөніндегі, әсіресе нұқсан келтіретін және қауіпті өндірісте тиімді шараларды қабылдау әлдеқайда мақсатқа сай және тиімдірек болады.

Мемлекеттің инклюзия мәселелеріне ұзақ жалғасып келе жатқан назарын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта ақыл-ой кемістігін қоса алғанда мүгедектік мәселесі бүкіл әлем бойынша өсе түсуде. Көп жағдайда бұл халықаралық үрдіс, атап айтқанда аутизм. Церебральды сал ауруына, Даун синдромына және басқа да бірқатар аурулар мен синдромдарға ұқсас. Баланың милық салдануы, Даун синдромы және басқа да бірқатар дерттер мен синдромдар осы қатарға кіреді.

Нәтижесінде жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді. Ол бірқатар шараларды, атап айтқанда ерекше оқыту мұқтаждығымен оқитындардың оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларға физикалық кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету іс-шараларын көздейді.

Болашақ педагог маманға арналған ықшам бағдарламаларды әзірлеу шаралары көзделген: инклюзивті білім беру шеңберінде мүгедек адамдармен жұмыс атқаруға дайындық; инклюзивті білім беруді дамытуға үкіметтік емес ұйымдарды белсенді қатыстыру және т.б.

Күні бүгін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мекемелер барлық өңірлерде жұмыс атқарады. Ең көрнекі мысал – Алматы. Алматы қаласында 214 мектептің 182-сі инклюзивті білім беруді іске асырады, оларда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға жағдай жасалған. 2023-2024 жылдары қосымша 16 мектепте инклюзивті білім беруді іске асыру жоспарлануда (198 мектеп, бұл жалпы мектептер санының 92,5%-ы).

Алматы мысалы мүгедек балалары бар ата-аналарды қолдау мәселелеріне сезімталдық тұрғысынан назар аударарлық. 2020 жылғы мамырдан бастап қалада «Тең Қоғам» атты мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы жұмыс істейді. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ғана «Тең Қоғам» орталықтарында 2056 адам қызмет алды.

Атап айтқанда: 675 консультация өткізілді; ұйымдастырылған тренинг, семинар және шеберлік сыныптары, шағын курстар – 128; ымдау тілінің шағын курсы – 50, ағылшын тілінің шағын курсы – 70, қазақ тілінің шағын курсы – 80%, әлеуметтік қызметтер порталында ұйымдастырылған консультация – 830, психологтың консультациясы – 114, заңгердің консультациясы – 109 .

Қоғамдық бақылау жүйесі мен құқық қорғау тетіктерін нығайту арқылы ҰЕҰ рөлін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін атап өтпеу мүмкін емес.

ҰЕҰ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге тартылады. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен аумақтық департаменттер мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыртқы талдауға азаматтық қоғам өкілдерін тартты.

Нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізуге ҰЕҰ-ды тарту бойынша жұмыс белсенді етілді. Сондай-ақ бұл бағыт қоғамдық кеңестердің құқығы болып табылады.

ҰЕҰ мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға қатысты ұсынымдарды іске асыру да осыған бағытта. Мемлекеттік басқару академиясының базасында 2023 жылғы 28 ақпан мен 1 наурыз аралығында «Құлақ асушы мемлекет: халықпен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылдың құралдары» атты біліктілік арттыру семинары өтті. 22 мемлекеттік қызметші оқуды аяқтады. Негізгі мақсат – мемлекеттік қызметшілер үшін олардың ҰЕҰ-

мен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін тренинг өткізу.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының ҰЕҰ өкілдерімен кездесу тетігі бастама алды. Бұл әкімдер мен министрлердің халықпен тұрақты кездесулерінен, қоғамдық кеңестердің қызметінен тыс үрдіс.

«Халықтың қатысу бюджеті» жобасын атап өткен жөн. Оның шегінде тұрғындардың абаттандыруға, атап айтқанда тротуарларды, арықтарды салу мен жөндеуге, спорт алаңдарын орнатуға, жөндеуге және жарықтандыруға, пандустарды көгалдандыруға, орнатуға және жөндеуге, балаларға арналған ойын алаңдарын орнатуға т.б. бюджет қаражатын жұмсаудың басымдылығын анықтауға мүмкіндігі бар.

ҰЕҰ қатысуының маңызды аспектілерінің бірі – «жасыл күн тәртібі». Төмен көміртекті экономика қағидаттарына көшу қазба шикізатын тұтынуды жай азайтуды ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар жұмысының жалпы стилін және азаматтық сектормен коммуникацияларын қайта қарауды талап етеді. Басқаша айтқанда ол жаңа экономикалық үлгі деп аталады.

«Жасыл экономикаға» көшудің бекітілген тұжырымдамасына сәйкес электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 2020 жылы 3% орындалып, 2025 жылы 6%-ға, 2030 жылы 15%-ға, 2050 жылы 50%-ға (баламалы көздерді қоса алғанда) жетуі тиіс. .

Қазіргі таңда Республикада белгіленген қуаты 2332 МВт жаңартылатын энергия көздерінің 142 нысаны жұмыс істейді. 2025 жылға дейін қуаты 857,5 МВт жаңартылатын энергия көздерінің 48 жобасын пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Осы жобаларды іске асыру шегінде шамамен 350 миллиард теңге инвестиция тартылатын болады. Жасыл энергия өндірісі үшін 2 мыңнан астам уақытша және 400 тұрақты жұмыс орны ашылатын болады.

Осы тұрғыда дайын тұрғын үйлерді қабылдау мәселелеріне азаматтық секторды қосу қызығушылық тудырады. Бұл мәселе пысықталуда. Ол бойынша пәтер иелері тұрғын үйді жалға беру рәсіміне ерікті түрде қатыса алатыны болжамдалады.

Көміртегі бейтараптығына көшу процестері туралы халықтың хабардарлығын кеңейтуге ерекше назар аударылады. Бұл жұмысқа «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» қатыстырылған.

Ашықтық бастамасына ҰЕҰ-ның қатысуы маңызды компонент болып табылады. Мұнайлы ел болып табылатын Қазақстан үшін жер қойнауын пайдаланудан түскен қаражаттың қайда жұмсалатынының ашықтығын қамтамасыз ету маңызды. Осы тұрғыдан ӨСАБ – өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын одан әрі іске асыру қызығушылық тудырады.

ӨСАБ халықаралық, саяси және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипатта жоғары мәртебеге ие. ӨСАБ өндіруші сектордағы компаниялардың және үкімет кірістерінің ашықтығына бағытталған.

Елде ӨСАБ іске асыруды үйлестіру үшін Мүдделі Тараптардың Ұлттық кеңесі (МТҰК) әрекет етеді. Оның құрамына Үкіметтің, Парламент Мәжілісінің депутаттарының, мұнай және тау-кен өндіруші компаниялар қауымдастығының және үкіметтік емес сектордың өкілдері кіреді.

Қазақстанда Жер Қойнауын Пайдалануды Басқарудың Бірыңғай Мемлекеттік Жүйесінің порталы арқылы ӨСАБ есептерін ұсынудың электрондық нұсқасы енгізілген. Ол барлық мүдделі тараптар мен кез келген ынталы тұлғаға онлайн режимде қол жетімді.

2013 жылы Валидация нәтижелері бойынша ӨСАБ Халықаралық Басқармасы ӨСАБ барлық талаптарына Қазақстанның сәйкестігін бағалап, оған «ӨСАБ ұстанушы ел» мәртебесін берді.

2022 жылғы қыркүйекте уәкілетті мемлекеттік органның № 402 жаңа бұйрығы қабылданып, «Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидалары» бекітілді.

Осы бұйрыққа сәйкес, 1-қосымшадағы «ҰЕҰ есепті кезеңдегі кірістер (сомасы, теңге)» деген V бөлімге жаңа 24-тармақ (*Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге де кірістер*) енгізілді. Ол тиісті келісімдердің орындалуын талдау және мониторинг жүргізу үшін ӨСАБ желісіс арқылы меморандумдар/келісімшарттар шегінде жер қойнауын пайдаланушылардан қаржы ресурстарын алған Қазақстанның барлық үкіметтік емес ұйымдарына уәкілетті органға тиісті ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді.

Заңнаманы жетілдіруді ескере отырып, қоғамдық кеңестердің қызметіне көбірек көңіл бөлінуде.

Жалпы алғанда қазіргі таңда Қазақстанда құрамында 3818 мүше бар барлық деңгейдегі 258 қоғамдық кеңес жұмыс істейді.

Қоғамдық кеңестердегі азаматтық сектордың қатысу көрсеткіші ширектен аса (85%) артты. Кеңестердің құрамы іс жүзінде толық жаңартылды. Қоғамдық кеңестерге сенім айтарлықтай артып, 71%-ға жетті.

III. Өткен азаматтық форумдарда қабылданған ұсынымдардың іске асырылу деңгейін бағалау

Биліктің құлақ асушы мемлекет ұстанымдарын имплементациялауға ұмтылуы өткен жылдардағы өзгерістердің жалпы идеологиясына айналды. Яғни әртүрлі цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерді пайдаланған мемлекеттік органдардың өкілдері түрлі мәселелер туралы ақпарат ала бастап, оларға жауап беруге ұмтылды. Президенттің өзі белгілі бір инциденттерді айтқан кезде осындай реакцияның үлгісін көрсетті. Бұл әсіресе төтенше жағдайлар кезінде көзге түсті.

Дей тұрғанмен, 2022 жылғы қаңтар тәртіпсіздігі бейтарап етілгеннен кейін өзгерістер қоғамда күтілетіндей қарқынмен жүріп жатқан жоқ. Билік одан әрі либерализацияға уәде берді, бірақ жағдай ішкі саяси бақылауды күшейтуді талап етті, өйткені елде болған оқиғаның салдары Қазақстан ішінде де, сыртта да біржақты бағаланбады.

«Еркіндік қанаты» қоғамдық қорының 2023 жылғы мамырда жүргізген зерттеуіне сәйкес, азаматтардың елдің өміріндегі қоғамға маңызды мәселелер бойынша азаматтардың қатысу мүмкіндіктері/әдістері бойынша сұратылғандардың көпшілігі (46%) соңғы үш жылда ештеңе өзгерген жоқ деп есептейді. 38 % пікірінше азаматтар қолында осындай мүмкіндіктері көбірек пайда болды. ҰЕҰ өкілдері сәл оптимистік көзқараста: 47% азаматтардың мүмкіндіктері артты деп санаса, 41% ештеңе өзгерген жоқ деп есептейді.

Сонымен қатар, қоғамның саясатқа қатысуының құралдары кеңейіп келеді. ҰЕҰ өкілдеріне келетін болсақ, олар басқа азаматтарға қарағанда «Құлақ асушы мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың түрлі тетіктерін жақсы біледі.

Сұратылғандардың көпшілігі (78%) «құлақ асушы мемлекеттің» құрамдас элементтерінің бірі ретінде eGov порталын (соның ішінде eOtinish қызметін) атады.

Сондай-ақ, ҰЕҰ өкілдерінің айтарлықтай жоғары пайызы мемлекеттік органдарды атады (65%). Сауалнамаға қатысқан ҰЕҰ өкілдерінің 59%-ы қоғамдық кеңестерді атады. 4% ғана «құлақ асушы мемлекеттің» бірде бір тетігін атай алмады.

Айта кету керек, цифрлық құралдар азаматтардың мүддесін ілгерілетудің басым бағытына айналып отыр. Респонденттердің мемлекеттік органдардың делдалдары мен фронт-офистерін айналып өтіп, билікке тікелей жүгіну мүмкіндігі бар. Бұл ретте қоғамдық кеңестердің рөлі де елеулі болып келеді.

Қарапайым азаматтар ел өміріндегі әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша қалай қатыса алады?» деген сұраққа олар көбінесе eGov порталындағы (57%) eOtinish қызметі арқылы мемлекеттік органдарға жүгіну жолымен немесе әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік органдарға жүгініп (53%) немесе тиісті басқару органдарына жеке басты барып (51%) деп жауап берді. Респонденттердің 15% мұны қалай жасауға болатынын білмеді.

Осылайша, қазақстандық ҰЕҰ, сарапшылар, қоғам қайраткерлері, тұрғын азаматтардың бөлігі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік органдарға қажетті ықпал ету үшін қолайлы шарттардың кеңейгенін атап өтті.

Әлеуметтік желілер дамыған заманда тікелей демократияның мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Дәй тұрғанмен, бұдан жаңа тегеурінді талаптар туындайды.

Біріншіден, әлеуметтік желілер көпшілік назарын теріс пайдалану үшін жиі пайдаланылады. 2023 жылғы қазанда Адам өлшемі жөніндегі Варшава конференциясында атап өтілгендей, әлем жалған ақпарат пен жала жабудың белсенді таралуының жағдайында өмір сүруде. Кейде бұл ағындардың ортасында дұрыс бағыт табу өте қиын.

Фокус-топтық зерттеулер қызықты нәтиже көрсетті. Сарапшылардың пайымдауынша, адамның әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ел өміріне қатысуға арналған мүмкіндіктер немесе әдістер көбірек пайда болды. Олардың пікірінше, бұл әлеуметтік желілердің («қазір ештеңе жасыра алмайсың») таралуына, мемлекеттік органдарға тікелей шығу мүмкіндігіне, блогерлердің пайда болуына, сондай-ақ қандай да болсын мемлекеттік органдар басшыларының жеке блогтарының пайда болуына байланысты.

eOtinish, eGov, iKөмек сияқты цифрлық сервистердің пайда болуы да азаматтардың қоғамдық маңызды мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сондай-ақ

сарапшылардың пікірінше, халықтың азаматтық белсенділігі жалпы арта түсті. Жұрт митингілерге белсендірек қатыса бастады, белсенділер әлеуметтік желілерде ойларын білдіруде.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, жалпы алғанда, мемлекеттік саясатта қоғаммен өзара іс-қимылға қарай өзгерістер, әсіресе қаңтар оқиғасынан кейін, көбірек байқалады.

Желілік тетікті елемей қиындап барады. Дей тұрғанмен, шиеленістің эскалациясы жағдайында интернетті бұғаттау репутациялық шығынды былай қойғанда, нақты физикалық шығынды да тудырады.

Сарапшылардың бағалауынша, Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде интернеттің ағытылуы көптеген азаматтардың қалада болып жатқан оқиғалардан бейхабар болуына септік тигізді. Көбі жұмысқа, дүкенге қоқыс шығаруға барып, физикалық зорлық-зомбылық қатеріне ұшырады. Бұл қоғамдық сипаттағы төтенше жағдайларға әрекет қабылдау алгоритмдерін өзгерту қажет дегенді білдіреді.

Екіншіден, Парламент пен қоғамдық кеңестерден тұратын өкілді демократияның болашағы қандай болуы керек? 2023 жылғы парламент сайлауының қорытындысы қоғамдық сананың өзгергенін көрсетті.

2023 жылғы Парламентте депутаттық корпусның өзегі салыстырмалы түрде гүлденген тоқырау кезеңі болған комсомолдық кезеңнің адамдарынан құралды. Бұлар негіздеме орнатушы әкелер емес, екінші кадрлық толқын яғни өшіп бара жатқан аға ұрпақтың қосалқы қабаты.

2023 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша 44 пен 58 жас аралығындағы әмбебап жас шеңберіне сәйкес келетін 1965-1979 жылдар аралығында туғандардың үлесі 42,2%-ды құрайды.

2004 жылы Мәжілісте осы жастағы адамдардың үлесі 50,6% болды. Парламент мансаптың бастамасы немесе белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырудағы маңызды кезеңге жетуден гөрі оның нәтижесі болды.

2023 жылғы Парламентте жас пен орта жастың түйіскен тұсындағы, жастық жігері мен амбициясымен қатар белгілі бір жинақталған өмірлік тәжірибесі бар жасы 43-ке толмаған адамдардың үлесі әлдеқайда көбірек. Айырмашылық шамамен 10% құрайды.

Бұл Парламентте саны бұрын аздау болған әйелдердің, жастардың және мүмкіндігі шектеулі адамдардың өкіл болуын қамтамасыз ету үшін аралас 30 пайыздық квотаны енгізудің нәтижесі.

1991 жылдан кейін дүниеге келген Тәуелсіздік ұрпағы өкілдерінің Парламентке келуі ерекшелікті білдіреді. Жасы 32-ден жоғары адамдардың үлесі жалпы алғанда осы шақырылымда 6,1%-ға жетті. 2004 жылғы Мәжілісте осы жастағы депутаттар іс жүзінде болмап еді.

Біз Парламенттің құрамының ұрпақтық және демографиялық ауысуын көріп отырмыз. Бұл тиісінше өзінің әсер ететін ізін қалдыратын болады.

Парламенттің жаңа құрамына енді бұрынғы құрамдарға қарағанда белсендірек әрекет етуі керек. Өздеріне назар аудартып, аса өзекті мәселелерді қызу талқылау өте маңызды.

Тиісінше, қоғамдық кеңестерге өз орнын табуы керек. Оларға жай ғана қосалқы тетік рөлін атқаруға болмайды. Оларды алдағы уақытта әлдеқайда қатал және шабуылдайтын, сонымен қатар сындарлы, қажырлы, қоғамның мүддесін ұстанатын рөл күтіп тұр. Бірақ олар мінез-құлық шегін білмейтін блогерлердің рөліне түспеуі тиіс.

Осы аспектілерден басқа, үкіметтік емес сектордың қызмет атқаруына байланысты бірқатар жайттарды атап өткен жөн.

Біріншіден, Қазақстанның Азаматтық Альянсы қазақстандық үшінші сектордағы үкіметтік емес ұйымдар үшін әдістемелік және көшбасшылық орталық рөлін атқаруы тиіс. ҚАА азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл ісінде Мәдениет және ақпарат министрлігінің стратегиялық әріптесі ретінде болуы керек. Дегенмен, ҚАА азаматтық секторда алаңында қызмет ететінін және ҰЕҰ мүдделерін жақтайтынын түсіну керек. Сондықтан да ҚАА ҰЕҰ мүдделерін ілгерілету құралы ретінде көбірек жұмыс атқаруын қамтамасыз ету қажет.

Бүгінде үкіметшіл немесе GONGO деп аталатын ҰЕҰ туралы пікірталасты елемеуге болмайды. Саяси эволюция кезінде осындай үкіметшіл немесе квазимемлекеттік ҰЕҰ құрудың осындай элементі заңды. Посттоталитарлық ел үшін дамыған елдердің қатарына бірден аттап өту қиын. Бірнеше кезеңнен өту керек. Сондықтан GONGO деп аталатын ұйымдар демократия жолымен жүру үшін қажетті әрі пайдалы нұсқа болуы мүмкін.

Екіншіден, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қызметіндегі ұстанымдарды жетілдіру қажет. Ол мемлекеттік

қаражатты таратушы рөлін атқарып қана қоймай, сонымен қатар ҰЕҰ-ға донорлардан қаржы тарту тетігінің бөлігі ретінде әрекет етуі тиіс. Бұл оның Батыс донорлық ұйымдарымен, халықаралық қорлармен өзара әрекеттесудегі тікелей рөлі, сондай-ақ оқыту -фандрейзинг бойынша тренинг жүргізу міндеті.

Бүгінгі таңда экономиканың және қоғамдық өмірдің маңызды салаларында азаматтардың әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі кешенді міндеттерді жүзеге асыруға үкіметтік емес сектордың қолындағы ресурстар жеткілікті емес. Осы ретте басқаша айтқанда «тар жерде» ҰЕҰ қатысуының өзектілігі өте жоғары, ал мемлекеттік органдардың мұндай мәселелерді шешудегі әлсіздігі мен құзыреттілігінің жетіспеушілігін көпшілікке аян.

ҰЕҰ бағалауынша, бүгінде Үкімет қомақты қаржыны сіңіретін бір мәртелік іс-шараларға шамадан тыс көңіл бөлуде. Осы ретте мұндай gross event яғни үлкен іс-шаралардан нәтиже байқалмайды. ҰЕҰ қолданбалы шешімдерді әзірлеу үшін ҰЕҰ мен белгілі бір саланың мамандарынан тұратын сараптамалық топтарды құруды ұсынады. Осы сарапшылық топтар жобалық гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобалары тақырыптарының жаңа тізілімін қалыптастыруы керек.

Фокус-топтардың қатысушылары үкіметтік емес секторды дамытудың өзекті мәселелерін былай қойғанда, әлеуметтік-экономикалық саладағы ең өзекті мәселелерді талқылар еді.

Зерттеулер көрсеткендей, бірқатар мәселелердің созылмалы, жүйелі сипаты бар, олар қоғамда жоғары шиеленіс өрісін тудырады және Мемлекет басшысы деңгейінде шұғыл араласуды талап етеді.

Бүгінгі таңда тұрғындар үшін ең өткір әрі маңызды мәселе – тарифтердің жоғарлау проблемасы, тұрғын үй-коммуналдық секторындағы шамадан тыс теңсіздіктер (диспаритет) яғни тұтынушыларға аса қажетті инфрақұрылымдар мен желілерді сақтау және жаңарту бойынша айтарлықтай ауыртпалық түседі, ал монополистер артық пайда алуды жалғастырып, өз қызметтерінің сапасын арттыруға мүдделі емес, өйткені олардың барлық шығындары тұтынушылар есебінен қамтылады.

Үкімет пен Ұлттық экономика министрлігі тарифтерді көтеру тақырыбын белсенді түрде алға тартып, мұны жылу желілерін және

басқа/тозған инфрақұрылымды модернизациялау қажеттілігімен түсіндіреді.

ҮЕҰ секторының өкілдері көлденең қойып отырған мәселе: акционерлер арасында дивиденд түрінде таратылатын табыс монополистердің қолында болса немесе ол теңгерімнің (қаржылық есеп) шоттарында жасанды түрде жасырылса, неліктен олар тарифтерді көтеру қажеттілігі туралы айтады?

Сарапшылардың бағалауынша, соңғы 15 жылда Қазақстан монополистері шамамен 12 триллион теңге (инвестициялық пайданы қамтитын шекті тарифтерді пайдалана отырып) қосымша шығысты тұтынушылардың арқасына жүктеген. Осы ретте қолданыстағы қайта есептеулер елеулі сомаларды жасыруға ғана оларға көмек береді.

Шекті тарифтерді енгізудің мақсаты бастапқыда (2009-2015 жж.) монополистерге жабдықты кейіннен тарифтерді төмендету арқылы сатып алуға және жаңартуға көмектесу деп түсіндірілді. Алайда бұған әбден үйренген монополистер үшінші бесжылдық бойы тарифтерді көтеріп, инвестицияны тұтынушыларға қайтаруды тіпті ойламайды.

Тауарлар мен қызметтерді өздері өндірмейтін, бірақ тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді әрмен қарай сатумен айналысатын делдал монополистер мәселелердің елеулі қабатын құрайды.

ҮЕҰ атап өткендей, тарифтік саясатта терминологиялық мәселе бар. Егер тарифтердегі инвестициялық компонент туралы айтатын болсақ, онда тұтынушылар инвестор болып табылады. Тиісінше, монополистер инвестициялық компоненттің қаражаты қалай және қайда жұмсалғаны туралы есеп беруі тиіс, тек есеп беріп қана қоймай, бұл тәртіпке келісу өткізуі тиіс.

Осы ретте сатып алынатын жабдық монополистердің емес, тұтынушылардың ұжымдық меншігі болып табылады.

Демек, жабдықты есептен шығарудың тәртібі, жарамдылығын немесе есептен шығарудың қажеттілігін бағалау жоғары тарифтерді төлейтін тұтынушылар болып табылатын инвесторлардың мақұлдау рәсімінен де өтуі керек. Неліктен тұтынушылардың инвестициялық жарналары есебінен сатып алынған яғни тұтынушылардың меншігі болып табылатын жабдыктан тұтынушыларға жоғары тарифтер қойылатыны түсініксіз.

Билік үшін қоғамдық ұйымдардың талаптарын оның тыңдай бастағаны маңызды. Мұны пәтер иелерінің серіктестіктерінен (ПИС) мүлік иелерінің бірлестігіне (МИБ) көшуден бас тарту мысалынан байқауға болады. Дей тұрғанмен, аса маңызды инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары, ал шын мәнінде тіршілікті қамтамасыз ету нысандары мемлекет бақылауында болуы үшін әлі де күш-жігер жұмсау керек.

Немесе аса маңызды инфрақұрылым жеке меншікте болса да, тұрғындарға нұқсан келтіріп қызмет атқаруына жол бермеу үшін, қорғау тетіктерінің жарамды болуы үшін алгоритмдерді жетілдіру керек.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы секторындағы жағдайдың күрделілігі мынаған саяды: көп жылдар бойы қуатты қаржылық-экономикалық байланыстар қалыптасқасын ол тұтынушыларға нұқсан келтіріп пайдаланылуы мүмкін. Азаматтық бақылау деңгейін арттыру қажет.

Әрине жеке басты белсенділердің теріс пайдалануға қарсы күрес талпыныстары жеткілікті нәтиже бере алмайды.

Сонымен қатар, жүйенің қарсылығы соншалық, бұл жекелеген белсенділердің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторындағы ықпалды топтарына қарсы күресі үшін уақыты пен күш-жігерін жұмсап қана қоймай, өткір текетірес шынымен де ауырлаған жағдайда, бұл олардың қауіпсіздігіне әлеуетті қатер төндіруі мүмкін.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторындағы теріс пайдалануға қатысты жағдай құрылыстағы және жер телімдерін берудегі осындай проблемалармен бірге дамып келеді. Нүктелі құрылыс мәселесі құлаққа әлі де естілгендей.

Сондықтан каскадшылдық яғни тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын әлдеқайда әділетті етіп адамның мұқтаждықтарына көбірек бағыттау үшін тиісті мемлекеттік органдардың қолдауымен азаматтық күштерді ұлғайту.

Пайымдауымызша бұл биліктің негізгі идеологиялық тұжырымдамасы, бірақ ол үшін қандай да бір саяси шешендіктің қолданысы емес, нақты күш-жігер қажет.

Осыны ескере отырып, азаматтық қоғамның әртүрлі сегменттері өзекті мәселелерді шешу үшін күш-жігер біріктіруі үшін коллаборация қағидаты алға қойылады.

ҮЕҰ айтып жүрген екінші мәселе – әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңгерімсіздік. Яғни жүргізіліп жатқан экономикалық саясаттың халықтың күтуіне сәйкес келмеуі, орта таптың әлсіреуі, жоғары қабаттың немесе ірі капиталдың мүддесіне емес, халықтың мүддесі үшін таратылатын табыстың генерациясы мүмкіндіктерінің нашарлауы. Табыс қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру мүддесіне қарай таратылуы тиіс.

Қазақстан экономикалық үлгісінің жалпы белгісіз болу мәселесі. ҮЕҰ байқағандай Қазақстан экономикалық үлгісінің ерекшелігі ол қазақстан экономикасында ықпал ету салаларын өзара бөлетін ауқатты олигархаттың немесе компрадорлық буржуазияның болуы. Мұндай бөлініс бірнеше аспектілерден байқалады.

Жанар-жағармай, азық-түлік, құрылыс салаларындағы нысандарға иелік ететін құрылымдар арасында картельдік уағдаласудың белгілері байқалады. Мысалы, нағыз ауылшаруашылық тауар өндірушілері өз өнімін жеткізе алмайды, өйткені оларды алыпсатарлар бақылайды. Олар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден ең төменгі бағамен сатып алып, кейін Астана мен Алматы нарықтарынан жоғары бағамен сатады.

Елордаға агро өнімінің кіруін бақылайтын сыбайлас жемқорлық-қылмыстық сегмент бар. Мұны әкімдіктен немесе Үкіметтен бақылайтын біреулер бар деуге негіздеме де бар.

ҮЕҰ алаңдататын бөлек сала - ақылы автотұрақтарды кім бақылайды деген сұраққа қатысты жағдайдағы ашықтықтың жоқтығы. Мерзімді түрде олар жойылады, содан кейін қайтадан пайда болады. Бірақ әдеттегідей қалалық аумақтардағы сол автотұрақтардың пайдаланылуы жалпыға ортақ жерде орналасқанын ескерсек, олар жинайтын ақы қаражаты қайда кетеді деген сұрақ туындайды. Әсіресе мемлекеттік мекемелердің әкімшілік ғимараттары алдындағы, сондай-ақ қызметі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған мекемелер алдындағы ақылы автотұрақтар ерекше алаңдаушылық туғызады. Осы сегмент ашық емес және бұл жерде көлеңке үлгілері де бар.

Осындай монополизация процестерінің барлығы, ақша ағындарын, грант, азық-түлік бағасын бақылау сұлбалары олигархиялық топтардың арасындағы бәсекелестік күшеюінің салдары болып табылады. Олар пайдалы құнды өндіру арқылы емес, тұтыну

нарығындағы айла-амалдар арқылы ақша табуға үйренген. Осы арқылы орта тап адындағы кернеу одан әрі күшейеді.

Осы жерде айта кететін жайт, ҰЕҰ түсінігінде орта тап деген ол мемлекетке тәуелді болмастан күн көруі үшін ақысына дербес қол жеткізетін халықтың бір қабаты. Осы ретте бүгінгі күні мемлекеттің рөлі әлеуметтік қорғаудың ең төменгі деңгейін сақтап тұруға дейін төмендеді. Яғни халықтың әлеуметтік осал топтары мемлекет тарапынан қолдау табады. Минималдық деңгейде болған ол дегенмен, әсіресе баласы көп отбасылар, ауыл тұрғындары және көшіп келушілер үшін белгілі бір өмір сүру деңгейін қамтамасыз етеді. Осы ретте табыс көздері қысқарған қыспаққа түскен орта тап стресс пен қысымға ұшырайды. Ықпал ету салалары мен кіріс алу көздері ірі ойыншылар арасында бөлінген. Мемлекет тек әлеуметтік дамудың төменгі деңгейіне, яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен кедейлерге жауапты.

Сонымен қатар, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеудегі Үкіметтің ұстанымдары үкіметтік емес секторда сынға алынып талқылануда. ҰЕҰ бағалауы бойынша, бүгінгі күні ең төменгі күнкөріс деңгейінің құны 58 мың теңгеге (тұтыну себеті) дейін көтерілгенімен, соңғы бірнеше жылда азық-түлік себетінің әртүрлілігі, керісінше, азайған.

Шын мәнінде азық-түлік өнімдері бағасының жоғарлауы есебінен тұтыну себетінің ақшалай баламасы өсе түссе де, олардың саны іс жүзінде азайды. Осылайша, іс жүзіндегі тұтыну себеті адамның бір ай бойы өмір сүруіне қажетті мөлшерге әбден сәйкес келмейді.

Кейбір экспериментаторлар тұтыну себетіне сәйкес тағамдық өнім тұтыну арқылы өмір сүруге талпыныстар жасаған болатын. Әбден үнемдесе де азық-түлік 5-7 күнге ғана жетті. Тиісінше, халықты әлеуметтік қорғау анағұрлым шектеулі болады.

Қалыптасқан экономикалық үлгіде осындай тұрақсыз тепе-теңдік қалыптасса орта таптың жағдайы біртіндеп ысырыла бастайды. Әдеттегідей төменгі орта таптың жекелеген қабаттары маргиналданады, табыс көздерінен айырылады және әлеуметтік қорғалатын тапқа ауысады. Яғни, мемлекет күтіммен қарайтын немесе қамқорлығындағы адамдардың тобы өсуде.

Бұл әлеуметтік масылдықтың жасанды өсуі болып табылады. Ол коллекторлық қызмет, зейнетақы қорларын басқару, бақылау және қалааралық тасымалдағы, такси қызметіндегі бағалық уағдаласу

мәселелері. Мұрагерлер марқұмның зейнетақы есебіндегі үлесін ала алмайды, себебі оларды аннуитеттік компаниялар иемденеді.

Аса өзекті мәселе ол коллекторлық қызмет көрсету жүйесінің кемшіліктері. Заңдарды бұза отырып, борышкерлердің есепшоттары көбінесе қарыз сомасына емес, толығымен бұғатталып жатқаны атап өтілді.

Бұл қарыз алушылар үшін күрделі проблемалар туғызып, оларды күйзеліс жағдайына дейін ұшыратады. Есепшоттары ескертусіз бұғатталады. Коллекторлық қызметтер өмірлік жағдай мен моральдік критерийлерді есепке алмайды.

Коллекторлардың қолында есепшоттарды бұғаттауға және арест жасауға нақты негіздемелер болуы қажет (сот шешімінен кейін ғана қатаң шаралар қолданылған мысалдар орын алды).

Сот шешімінсіз бұғаттауға мүлдем жол берілмеуі тиіс.

Ауыл тұрғындарының қалаларға ағылуының өсе түскені аясында қоғамның жаңа стратификациясы байқалады. Мысалы, Астана қаласының мәселесін айтатын болсақ, болжамы шындыққа сәйкес келмейді.

Астана тұрғындарының саны жоғары қарқынмен өсуде, ал әкімдік инфрақұрылымды, тіпті сумен қамтамасыз етуді дамытудан әлдеқайда кешігуде.

Алайда мәселе ауылдың қалаға көшуінің неліктен соншалықты тез өсуінде. Еуропа елдерінде джентрификация деп аталатын кері процесс бұрыннан бері орын алған. Қалыптасқан орта тап өзінің тамырына қайта оралуға, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылады дегенді білдіреді. Бұл көбінесе ауылдық жерлерге өмір сүру үшін көшіп баруға байланысты.

Осы мәселенің барлық мәні айтылатын болса, ауыл шаруашылығының тиімділігі жеткіліксіз яғни олигархиялық топтардың, басқаша айтқанда латифундистер немесе лендлордтардың, ірі жер иегерлерінің, элеватор иелерінің және т.б бақылау жасауына байланысты мемлекеттік субсидиялар негізгі алушыға жете алмайды.

ҰЕҰ мәліметі бойынша, жекелеген ықпалды топтар тұрғындардан малды заңсыз тартып алуды жасыру үшін ветеринариядағы мәселелерді, эпидемиологиялық жағдайды пайдаланады.

Осылайша, ұзаққа созылатын тұрақсыздық жол бағытына аяқ басқан Қазақстанда наразылық шерулеріне бұдан былай

маргиналданған адамдар мен жекелеген диссиденттер ғана емес, жақсылыққа қарай барлығы өзгереді дегенге үміті жоғала бастап, жағдайы әлсіреген орта таптың өкілдері қатысатын болады.

ҮЕҰ атап өткендей, қазіргі таңда билік тарапынан заңнамалық реттеу мен регламентациялаудың көптеген шаралары шектен тыс немесе мәселенің ауқымына сәйкес келмейтін сипаты бар. Мысалы, вейптерге тыйым салу немесе скутерлердің қозғалысын шектеу. Орталықтандырылған және даулы шешімдер тым көп, қоғамдық ұйымдармен жұмыс жеткіліксіз.

Билік мұндай «нүктелі» әрекеттерді жүзеге асырып жатқанда, шын мәнінде өзекті мәселелер назардан тыс қалады. Елдегі экологиялық жағдайдың әлсірегені күтілгеннен гөрі нашар әрі тым жылдам. Сумен қамту және кәріз мәселелері күннен күнге өзекті болып келеді.

«Жасыл көш», яғни Қазақстанның төмен көміртекті экономикаға транзитінің нақты тұжырымдамасы байқалмайды. СО₂ зор шығарындысы бар гудронды және басқа да материалдарды пайдалана отырып, ескі стандарттар бойынша жол құрылысын жүргізу жалғасуда. Бұл ретте асфальт қабатымен жабу сапасы төменгі күйде қалып отыр. Асфальт қабатын ауыстыру бойынша әкімдіктің шаралары қаладағы көлік қозғалысына қиындықтар туғызуда. Жол құрылысында да жемқорлық ахуалы жалғасып келеді.

Үкіметтік емес ұйымдардың пікірінше, қалалардағы асфальт қабатын ауыстырудың жасырын мақсаты бар. Асфальт әрмен қарай қайта сатылады. Сондықтан компаниялар магистральдық көшелерде жұмыс істеуге яғни периферия бойынша жұмыс жүргізбестен, сапасы жақсы асфальт қабатын алып тастауға мүдделі. Оларға мүмкіндігінше жаңа асфальт қажет. Оны қайта өңдеу және қайта пайдалану әбден оңай.

Алтын өндіруші кәсіпорындар өте зиянды түтіні бар циан қышқылы сияқты улы заттарды пайдалануды жалғастыруда. Жер асты бұлақтары ластанып, бұл қышқылдардың газдары осы шахталарға жақын орналасқан ауыл тұрғындарын уландырады. Циан қышқылының газдарын нацистер Освенцим концлагерінің газ камераларында пайдаланғаны белгілі. Өндірісте зиян заттарды қолдануды алмастыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялардың бар екеніне қарамастан, бұл тәжірибе жалғасуда.

Бүгінгі күні ҰЕҰ тұрғысынан өте өзекті болып табылатын үшінші мәселе – қоғамдық, әсіресе бала қауіпсіздігі мәселесі. Төтенше жағдай кезінде жазатайым оқиғалар жиілігінің артуы осы жағдайға азаматтық қоғамның белсенді араласу қажеттілігін көрсетеді.

Жүргізілген әлеуметтік эксперименттер көрсеткендей, 10 баланың 9-ы оларды шақырса немесе қарапайым уәде берілсе бейтаныс адаммен бір минут ішінде әбден алаңдамастан кетіп қалады.

Осы ретте, ата-ананың айтуы мен ескертулері баланың санасына әсер ететін құмарлықтардың әсерінен ұмытылуы мүмкін - дәмді тағамды жеп көру, мысықты немесе итті сипау және т.б.

Елорда тұрғындарының, бәлкім, барша қазақстандықтардың төтенше қатерлерге қатысты ауқымды бейқамдығы таң қалдырады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, қоғамдық орындарда мерзімді түрде өткізілетін арнайы жаттығулар азаматтар тарапынан ешқандай реакция тудырмайды. Олар күдікті төтенше жағдайлар орын алған жерлерге алаңдамастан баруын жалғастыруда.

Бұдан басқа, шетелдік бақылаушылардың бағалауы негізінде қазақстан жастарының, студенттердің, оқушылардың өз-өзіне көмектесуге қабілетсіз екені белгілі. Қандай да бір төтенше жағдайда олар дүрбелеңге түсіп немесе қимылдауға мүмкіндігін жоғалтып қауіпті жағдайдан аман шығу үшін өзін өзі ұйымдастыруға қиналады.

Бұл бірнеше бағытта кешенді жұмысты қажет етеді.

Біріншіден, бұл дәрігерде дейінгі алғашқы көмек көрсетуге үйрету. Мысалы, демікпе ұстамасы, инсульт немесе адам жай тұншығып қалғанда. Бүгінгі күні мұндай жұмыс тым рәсімделген. Оны сапалы және барлық жерде жүргізу керек.

Мұндай институттарда өмір қауіпсіздігі негіздері шегінде оқыту жүргізілді, бірақ ол жоғары оқу орны бағдарламасының перифериясында болды. Еңбек ұжымдарына арналған дәрігер келенге дейін алғашқы көмек көрсету курстары көп ақша мен көп уақытты қажет етпейді. Курста алынған дағдылар күндердің күнінде біреудің өмірін сақтап қалуы мүмкін және бұл жұмсалған күш-жігер мен салған қаржыны ақтауға жеткілікті болады.

Екіншіден, балалар, жасөспірімдер, әйелдер, басқа да осал топтар, тіпті мүгедектер өздерін зорлық-зомбылықтан қорғай білуі керек. Бұл жерде мәселе тек сенгіштікте емес, сонымен қатар балаларға физикалық қарсылықты қамтамасыз ететін жекпе-жек

ұрыстың белгілі бір негіздеріне үйрену керек яғни базалық өзін-өзі қорғау дағдылары болуы тиіс. Зорлық-зомбылықтан қалай аман қалып құтылуға, көмекке қалай шақыруға болады деген көптеген мүмкіндіктер мен әдістер бар. Мысалы, шұғыл байланыс, бақылау камералары, тіпті баланың қатты айқай салуы да педофилді үркітеді және жәбірленушінің құтқарылу мүмкіндігін арттырады.

Балаларға жасалатын буллинг, кибербуллинг және моббингке қарсы күрес жеке бағыт болып табылады. Ол көбінесе психологиялық жарақаттың факторы. Санақ бойынша, Қазақстанда әрбір үшінші жасөспірім буллингке ұшыраған.

ҰЕҰ байқағандай, мұғалімдердің балаларға буллинг жасау проблемасы тіпті жиі кездесетін құбылыс. Осы ретте экономикалық өркендеу кезінде өскен, жалпы алғанда, жаңа ұрпаққа жататын балалар психикалық шабуылдарға өте осал, сезімтал болуы мүмкін. Олар өз ішінен көп нәрсені жасырып сезінуі мүмкін. Алғашқы жыныстық тәжірибенің немесе сәтсіз аяқталған махаббаттың элементі де осы.

Осыны ескере отырып, ҰЕҰ Балалар омбудсменінің қызметіндегі өзгерістерге оң баға беріп, ең алдымен «сенім үшбұрышындағы» кешенді жұмысты одан әрі жақсартуға үміттенеді: балалар - мұғалімдер - ата-аналар.

Қазір кеңінен тараған құбылыс – заңдылыққа түсінігі төмен, құқықтық мәдениетінің деңгейі төмен адамдардан балалар пайдалану арқылы бопсалау, ақшаны қорқытып алу. Мұның барлығын кешенді түрде түсіну керек.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес заңнама мен мәжбүрлеуді жетілдіру қабатында ғана емес, сонымен қатар мәдениетті, жауапты әке, ана болудың құндылықтарын дамытып, отбасы құндылықтарын түсінуден бастау алады.

Ұрпақтардың сапалық ауысуын, әлемге басқаша қарап, өздеріне міндеттеме жүктеуден бас тартатын және өздерінің әлемінде үйлесімді өмір сүруге ұмтылатын зумер деп аталатын жаңа жастардың келуін талдау маңызды.

Сонымен қатар, жастар саясатындағы дағдарыс белгілерінің айқын көрінгенін синтетикалық есірткіні өндіру мен таратуда болып жатқан оқиғалар көрсетеді. Президент бұған дейін де осыған назар

аударғанымен, үкіметтік емес ұйымдар атап көрсеткендей қазақстан жастарының зор бөлігі есірткінің тұзағына түсіп жатқаны рас.

Жастар өте шектеулі рөл атқарса да, негізінен есірткі дозасын орналастырушы болып, елеулі мерзімге сотталады. Құқық қорғау органдарының қамқорлығына ие болған өндірушілер мен тапсырыс берушілер көлеңкеде қалып, тіпті кейде олардың тапсырмасын орындайды.

Жекелеген үкіметтік емес ұйымдардың пікірінше, есірткі нарығын, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздіктегі проблемаларды құқық қорғау органдарының өздері пайдаланады деген қауіп бар. Ішкі істер органдарының өкілдері есірткі таратуды өздері басқарды деген белгілерге қарағанда, мұндай жағдайдың болу ықтималдығы өте жоғары.

Кейбір ҰЕҰ өкілдерінің пікірінше, наразылық акцияларын өткізу Ішкі істер министрлігінің жүйесіндегі жекелеген бастықтардың мүддесіне қайшы келмейді, өйткені бұл оларға техника, қару-жарақ, киім-кешек бөлуге қосымша қомақты сомаларға сұрау салуға және есептен шығаруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, елдегі құқық қорғау лоббиі шектен тыс ауқатты және қауіпсіздік күштері азаматтық билікті жұтып қояды деп қауп бар.

Билікке бүгінде халық топтарымен диалог орнатып, олардың сұрау салуы мен мүдделерін одан әрі тұжырымдап, көтерілген мәселелерді шешудің технологиялық картасын қалыптастыру үшін азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылға көбірек көңіл бөлуге назар аударып ойласу қажет.

Бүгінде көптеген құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін бағалауды талап ететін жағдай қалыптасуда. Елімізде атқарушы органдардың сұранысына қарай заңнамалық актілерді өзгерту тәжірибесі көптен бері байқалып келеді. Бұл заңнамаға реті жоқ және түсінуге қиындық туғызатын түзетулерге әкеледі. Осы ретте заңнамалық сараптаманың сапасы нашарлайды, өйткені көптеген нормалар сыбайлас жемқорлықтың мазмұнын талдауды талап етеді. Елдегі Конституцияның сақталуы туралы ҰЕҰ-ның баламалы баяндамасы қажет.

Мемлекеттік органдардың институционалдық жадын, яғни олардың қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету олардың жұмыс тиімділігінің маңызды элементі болып табылады. Өткен форумдар

шешімдерінің, ҰЕҰ-мен консультативтік іс-шаралар нәтижесінде қабылданған ҰЕҰ ұсыныстарының қалай орындалып жатқаны туралы Азаматтық форум шегіндегілерді қоса алғандағы тұрақты есептіліктер осындай жүйенің бір бөлігі болуы тиіс. Бұл орталық және жергілікті деңгейде де жүзеге асырылуы керек.

Тоқетерін айтқанда мемлекет тарапынан кешенді шаралар қажет. Алайда аталған барлық мәселелердің мемлекеттік органдардың құзыретіне жататынын және осы мәселелердің болуы мемлекеттік жүйедегі олқылықтарды немесе жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдары жұмысының жеткіліксіз тиімділігін көрсететінін ескеру қажет.

Сонымен қатар, осы көбейіп келе жатқан проблемалардың барлығы мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ және азаматтық қоғам (халықпен) арасындағы диалогтың жетіспеушілігін анық көрсетеді.

Үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік материяға тереңірек еніп, қоғамдық қатынастардың ең нәзік аймақтарын қозғайды, өйткені ҰЕҰ кейбір мәселелерге немесе қиындықтарға жауап ретінде дүниеге келеді.

Мемлекеттік органдар жұмысының қисыны өзгешелеу. Олар алдыңғы қатардағы фронталдық жұмысқа жауап береді. Осы ретте психологиялық тұрғыдан алғанда шенеуніктер өздерінің міндеттемелерінде алаңдап уайымдау көлемін жеңілдетуге немесе азайтуға ұмтылады. Мемлекеттік органдар мен шенеуніктерге төменнен қысым сезімі көрсетілуі үшін бұл біздер үшін әлдеқайда маңызды. Мемлекеттік басқарудың up-bottom деп аталатын үлгісі іске асырылуы тиіс.

Айта кету керек, айтылған мәселелердің көпшілігін бір үлкен тақырып - өмір сапасы қамтиды. Жеке санат ретіндегі ол Президенттің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында атап өтілді. Өмір сүру сапасын жақсарту, басқаша айтқанда, мемлекеттік органдардың экзистенциалдық элементі болып олардың басты мақсатына айналуы тиіс.

Онда келесі компоненттер қамтылуы тиіс:

1) гранттық жобалар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын қоса алғанда, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу ұсыныстарын әзірлеу бойынша тұрақты жұмыс істейтін консультациялар өткізу алаңын қалыптастыру;

2) өмір сапасы мәселелері бойынша фокус-топтық және социологиялық зерттеулер жүргізу;

3) өмір сапасы тақырыбы туралы жазатын блогерлерге сыйлықтар беру, блогерлер мектебін ашу, блогерлік зерттеулер жүргізу және блогер күнделіктерін жазу;

4) өңірлердегі өмір сүру сапасын бағалау бойынша ҮЕҰ баяндамасын әзірлеу;

5) ҮЕҰ жетекшілерінің бұқаралық ақпарат құралдарында өзекті тақырыптар бойынша сұхбат беруі;

6) оқу мекемелерінде балалардың өз-өзіне көмектесу мен өзін-өзі қорғауын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

7) мүдделі құрылымдарға, атап айтқанда депутаттарға, «Атамекенге» тарифтік, тұрғын үй-коммуналдық, әлеуметтік, экологиялық, энергетикалық саясаттың өзекті мәселелері бойынша презентациялар ұйымдастыру;

8) сарапшылармен бірлесіп төрт тарапты әріптестік негізінде өңірлердің өмір сүру сапасын жақсарту бағдарламасын әзірлеу: әкімдік-бизнес-ҮЕҰ-донорлар;

9) Өңірлердің өмір сүру сапасын жақсартуға арналған ҮЕҰ Бастамасы деген арнайы сайт жасау;

10) Халықаралық тәжірибелер мен бенчмарктарды ескере отырып, халықтың өмір сүру сапасын өлшейтін индексті әзірлеу;

11) Мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестер қызметінің тиімділігін одан әрі жетілдіру және арттыру жөніндегі ұсыныстар.

Осы ұстанымдар/шаралар өңірлердегі көлемді жұмысқа кірісуге мүмкіндік береді. Ол жұмыстың шегінде үкіметтік емес белсенділер мен сарапшыларға кері процестерді еңсеріп, осы бағытта дұрыс жол табуға болады.

ҮЕҰ блогерлік және медиа қоғамдастығымен коллаборациясы үшін мүмкіндік туындайтын болады. Ағымдағы шындықты барынша ескере отырып, жаңа Азаматтық форумның шешімдерін іске асыруға біліктілікпен кірісу мүмкіндігі туындайды.
